Панфиловшылар саябағы ерекше тарихи және мәдени мәнге ие болды. Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақстандық батырлардың ерлігін ұлықтауға арналған мемориалдық кешен бұл саябақты ұлттық жад пен патриотизмнің нышанына айналдырды. Мұнда табиғи пейзаж элементтері мен монументалды сәулет үйлесім тауып, кеңестік мемориалдық сәулет дәстүрінің үздік үлгісін бейнелейді.

1950–1970 жылдары Алматының даму стратегиясына «жасыл белдеу» тұжырымдамасы енгізілді. Қала айналасында орман алқаптарын отырғызу арқылы табиғи климаттық тепе-теңдікті сақтау, жел мен ыстықтың әсерін азайту көзделді. Бұл идея кейінірек GСAP құжатында көрсетілген көк-жасыл дәліз тұжырымдамасымен сабақтасып, Алматы экологиялық саясатының басты қағидасына айналды. Қала айналасындағы орман белдеулері мен саябақтар жүйесі Алматыны «табиғатпен үндес қала» ретінде қалыптастырды.

XX ғасырдың соңына қарай көлік инфрақұрылымының кеңеюі, тұрғын аудандардың көбеюі және урбанизацияның жеделдеуі жасыл аймақтарға қысым түсіре бастады. Осыған қарамастан, кеңестік кезеңде қалыптасқан саябақтар мен тоғайлар бүгінгі күнге дейін қаланың экологиялық қаңқасын сақтап отыр. Бұл кезеңде салынған саябақтар мен бақтар қазіргі Алматының мәдени мұрасына және урбанистік бірегейлігіне айналды.

Постсоциалистік кезеңге арналған зерттеулерде Алматы сияқты қалаларда кеңестік жоспарлау тәжірибесінің бүгінгі тұрақты урбан дамудың негізін құрап отырғаны атап өтіледі. Жасыл кеңістіктердің құрылымы мен таралу ерекшеліктері қазіргі урбанистік саясатта да әлеуметтік тұрақтылық пен экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз етудің басты факторы ретінде қарастырылады.

XIX–XX ғасырлардағы көгалдандыру тәжірибесі Алматының заманауи урбандық экожүйесіне бағыт-бағдар берді. Табиғи рельефке икемделген жоспарлау, су арналары мен арық жүйесіне негізделген көгалдандыру және саябақ мәдениетінің дамуы қазіргі Алматының экологиялық архитектурасының іргетасын қалады [3]. Сол тарихи кезеңнің тәжірибесі бүгінде UNECE (2024) және GСAP сияқты халықаралық стратегиялық құжаттарда қайта жаңғырып, қала дамуының негізгі қағидатына айналып отыр.

Тәуелсіздік жылдарындағы урбанистік көгалдандыру үрдістері

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен бірге Алматы қаласы да өзінің даму бағытын түбегейлі өзгертті. 1991 жылдан кейінгі урбанизация үдерістері мен экономикалық трансформациялар қаланың кеңістіктік құрылымына, экологиялық жүйесіне және көгалдандыру саясатына айтарлықтай ықпал етті. Ел астанасы мәртебесінің Астанаға көшуі Алматының саяси салмағын азайтқанымен, ол республиканың мәдени, ғылыми және экономикалық орталығы ретіндегі жетекші рөлін сақтап қалды. Қала әлеуметтік белсенділігімен, тарихи мұраларымен және табиғи-рельефтік ерекшеліктерімен еліміздің урбанистік дамуының үлгісіне айналды. Алайда, бұл кезеңде экологиялық жүктеме күрт артып, көгалдандыру мәселесі қала өміріндегі ең өзекті тақырыптардың біріне айналды.

1990 жылдардың басында нарықтық қатынастарға көшу және меншік қатынастарының өзгеруі Алматының экологиялық инфрақұрылымына да әсер етті. Кеңестік кезеңнен қалған саябақтар мен орман белдеулері қараусыз қалып, күтім мен қаржыландыру тапшылығынан тозу процесі басталды. Қала аумағындағы бірқатар жасыл кеңістіктер жекешелендіріліп, олардың орнына тұрғын үйлер мен коммерциялық нысандар салынды. Нәтижесінде Алматыдағы адам басына шаққандағы көгалдандыру көлемі азайып, бұл жағдай қала экологиясына кері әсер етті. Зерттеулерде постсоциалистік қалалардағы урбан кеңістіктің құрылымдық өзгерістері

талданып, Алматы мысалында жасыл желек жүйесінің әлеуметтік теңсіздік пен экологиялық дисбаланстың маңызды көрсеткішіне айналғаны айқындалған [7].

Дегенмен, 1990 жылдардың соңына қарай және 2000 жылдардың басында экологиялық сана мен қоғамдық белсенділіктің артуы қаладағы көгалдандыру саясатына жаңа серпін берді. Алматы әкімдігі мен халықаралық ұйымдардың серіктестігі негізінде экологиялық бағдарламалар іске асырыла бастады. Бұл кезеңде көгалдандыру тек көркемдік немесе демалыс мақсатында емес, қалалық ортаның сапасын арттыру, климаттық бейімделу және денсаулық сақтау саясатының бір бөлігі ретінде қарастырылды. Қаланың орталық көшелерінде ағаш отырғызу жұмыстары жандандырылып, Панфилов, Достық, Абай және Төле би даңғылдарындағы аллеялар қалпына келтірілді. Тарихи саябақтар абаттандырылып, кеңестік кезеңнен қалған инфрақұрылым жаңартылды.

2000 жылдардан бастап Алматының көгалдандыру саясаты халықаралық экологиялық стандарттармен үйлестіріле бастады. Бұл бағыттағы маңызды құжаттардың бірі Еуропалық қайта құру және даму банкінің Green City Action Plan (GCAP) бағдарламасы. GCAP талдауына сәйкес, Алматы қаласының жасыл кеңістіктер көлемі халықаралық нормадан төмен, яғни адам басына шаққанда бар болғаны 7,7 м² құрайды. Осыған байланысты қала әкімдігі 2030 жылға дейінгі стратегиялық мақсат ретінде бұл көрсеткішті 10 м² деңгейіне жеткізуді жоспарлады. Бұл тек сандық өсім емес, сапалы урбан экожүйе қалыптастыру міндетін де қамтиды [8]. GCAP құжаты Алматының экологиялық жағдайын жақсарту үшін көк-жасыл дәліздерді құру, өзен аңғарларын табиғи-климаттық фильтр ретінде пайдалану және жаңа құрылыстарда көгалдандыру нормаларын міндетті түрде сақтау қажеттігін атап өтеді.

Тәуелсіздік жылдарында Алматы қаласының табиғи ерекшеліктеріне сүйенген экологиялық жобалар жүйесі дамыды. Мысалы, Кіші және Үлкен Алматы өзендерінің бойымен жасыл аймақтарды қалпына келтіру бастамасы қолға алынды. Бұрын тек инженерлік мақсаттағы арналар болған бұл өзендер бүгінде серуен аймағы мен экологиялық дәлізге айналууда. Бұл тәжірибе халықаралық деңгейде «blue-green infrastructure» деп аталатын тұжырымдамаға сәйкес келеді. UNECE (2024) баяндамасында бұл бағыт Алматының климатқа бейімделу және ауа сапасын жақсарту саласындағы ең тиімді шешімдердің бірі ретінде бағаланды [8].

Сонымен қатар, 2010 жылдан бастап Алматыда жаңа буын саябақтар жүйесі қалыптаса бастады. Солардың ішінде Президент саябағы, Сайран көлінің жағалауы, Ботаникалық бақтың қайта жаңғыруы, Жасыл Арбат, Atakent Garden, және Almaty Garden Park сияқты жобалар ерекше маңызға ие. Бұл нысандар заманауи урбан дизайн қағидаттарына сай жобаланып, экологиялық архитектура мен «жасыл технологиялардың» синтезін көрсетті. Президент саябағында табиғи бедер мен жасанды элементтер үйлесім тапқан: жаңбыр суын жинайтын және қайта пайдаланатын жүйелер енгізілген, ал Ботаникалық бақтағы көгалдандыруда жергілікті флора түрлері үйеңкі, терек, шетен, қайың басым қолданылған. Бұл шешімдер климатқа бейімделген қала жасау қағидаттарымен тікелей үйлеседі.

Биологиялық тұрғыдан алғанда, Алматы қаласының көгалдандыру саясаты жергілікті және сырттан енгізілген өсімдік түрлерінің арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған. Зерттеулерде Алматы флорасында сырттан әкелінген өсімдіктердің үлесі жоғары болғанымен, соңғы онжылдықтарда жергілікті түрлерді қалпына келтіру және қорғау шараларының белсенді жүргізіліп келе жатқаны атап өтіледі. Қала әкімдігі мен ғылыми мекемелердің бірлескен жұмысы нәтижесінде ағаш түрлерін экологиялық төзімділігіне, шаң мен шуға бейімделгіштігіне және оттегі шығару қабілетіне қарай саралап отырғызу тәжірибесі енгізілді. Мұндай тәсіл қаланың ауасын тазартуға және климаттық өзгерістерге бейімделуіне оң әсерін тигізді.

2000 жылдан кейінгі кезеңде экологиялық қозғалыстардың белсенділігі айтарлықтай артты. Тұрғындардың қатысуымен «Таза Алматы», «Eco-Challenge», «Green Up», «Жасыл белдеу» сияқты қоғамдық жобалар жүзеге асырылып, қоғамның экологиялық мәдениетін арттыру мен қалалық кеңістікті абаттандыру ісін азаматтық жауапкершілік деңгейіне көтерді. Қазіргі таңда көктемгі және күзгі ағаш отырғызу акциялары Алматының экологиялық дәстүріне айналып, тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігі мен қатысуын күшейтіп отыр.

Технологиялық тұрғыдан қарағанда, тәуелсіздік жылдарында Алматының көгалдандыру жүйесі цифрландыру бағытына өтті. Қалада геоақпараттық жүйелер (GIS), дрондар және спутниктік суреттер негізінде жасыл аймақтардың интерактивті деректер базасы құрылды. Бұл база саябақтардың нақты орналасуын, ағаштардың түрлік құрамын, биіктігін және денсаулық жағдайын тіркейді [9]. Мұндай ақпараттар экологиялық мониторинг пен ғылыми талдау үшін ашық форматта жариялана бастады. Бұл үрдіс болашақта Алматының

интерактивті көгалдандыру картасын құру әдістемесіне негіз болады. GCAP құжатының 16-әрекетінде дәл осы жүйені 2025 жылға дейін толық енгізу міндеті қойылған, ал UNECE (2024) есебінде Алматының «Smart Sustainable City» моделі осы бағыттағы ілгерілеу мысалы ретінде келтіріледі.

Жалпы, тәуелсіздік жылдарындағы Алматының урбанистік көгалдандыру үрдістері тарихи тәжірибе мен инновациялық саясаттың үйлесімін көрсетеді. XIX–XX ғасырларда қалыптасқан саябақтық мәдениет пен табиғи рельефке негізделген жоспарлау принциптері жаңа заманда заманауи урбан экология қағидаттарымен ұштасып отыр. Қаланың көгалдандыру стратегиясы енді тек эстетикалық мақсатқа емес, тұрғындардың өмір сапасын, қоғамдық денсаулықты және әлеуметтік үйлесімділікті арттыруға бағытталған. Алматының қазіргі саябақтары бұл демалыс аймағы ғана емес, экологиялық тұрақтылық пен азаматтық мәдениеттің көрінісі.

XXI ғасырдағы заманауи саябақтар мен экологиялық бастамалар

XXI ғасырда Алматы қаласының урбанистік даму стратегиясы жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Бұл кезеңде қала экологиялық тұрақтылық, жасыл инфрақұрылым және смарт-қала қағидаттарына сүйенген жоспарлау жүйесіне көшті. Алматының көгалдандыру саясаты енді тек көріктендіру шарасы емес, әлеуметтік әл-ауқат пен экологиялық қауіпсіздіктің негізгі тетігі ретінде қарастырыла бастады. Тәуелсіздік жылдарында басталған урбандық қайта құрылымдау үдерісі XXI ғасырда халықаралық стандарттарға сай жүйелендіріліп, жасыл қала идеясын жүзеге асырудың жаңа кезеңін қалыптастырды [10].

Қаланың заманауи даму бағыттары Еуропалық қайта құру және даму банкінің Green City Action Plan (GCAP) және Біріккен Ұлттар Ұйымының Smart Sustainable City Profile: Almaty (UNECE, 2024) құжаттарында кеңінен көрініс тапты. Бұл бағдарламалар Алматыны аймақтық деңгейдегі экологиялық-инновациялық орталыққа айналдыруды көздейді. GCAP деректеріне сәйкес, қаланың 2021 жылғы жасыл кеңістік үлесі 7,7 м² болса, 2030 жылға қарай оны 10 м² деңгейіне жеткізу мақсат етілген. Бұл міндет көгалдандырудың сапасын арттырумен қатар, қала тұрғындарының экологиялық өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Сонымен бірге, құжатта қалалық өзендер мен су арналары бойында көк-жасыл дәліздер құру, ағаш отырғызудың интерактивті есебін жүргізу және климаттық бейімделу жүйесін жетілдіру көзделеді.

XXI ғасырда Алматы қаласында жаңа буын саябақтары мен экологиялық жобалар дүниеге келді. Олардың қатарында Президент саябағы, Ботаникалық бақтың қайта жаңғыруы, Сайран көлінің экопарк аймағы, Жасыл Арбат, Almaty Garden Park, Терренкур серуен бағы, және Тұңғыш Президент Аллеясы ерекше аталады. Бұл жобалар заманауи урбан дизайн, ландшафттық сәулет және цифрлық технологиялардың синтезі ретінде жүзеге асырылды. Әр саябақтың өз ерекшелігі бар: мысалы, Президент саябағында жаңбыр суын жинау және қайта пайдалану жүйесі енгізілсе, Ботаникалық бақта энергия үнемдейтін жарықтандыру және автоматтандырылған суару технологиялары орнатылған. Ал «Жасыл Арбат» жаяу жүргіншілер кеңістігін кеңейтіп, қала тұрғындарына экологиялық таза демалыс аймағын ұсынды.

UNECE (2024) баяндамасында Алматының «ақылды тұрақты қала» (Smart Sustainable City) моделіне көшу процесі Орталық Азия аймағындағы озық тәжірибелердің бірі ретінде бағаланады. Баяндамада қаладағы жасыл кеңістіктердің әлеуметтік және экологиялық әсері нақты көрсеткіштермен сипатталады [11]. Алматының экологиялық саясаты енді климаттық тәуекелдерді төмендету, ауа сапасын жақсарту және биологиялық әртүрлілікті сақтау бағытында кешенді түрде жүргізіліп отыр. Қалада урбан орман шаруашылығын дамыту жобасы басталып, ағаш отырғызу процесі геоақпараттық жүйелер арқылы бақыланады. Бұл жүйе әрбір отырғызылған ағаштың түрін, жасын, орналасуын және экологиялық әсерін тіркеп отырады. Мұндай тәсіл Алматыда алғаш рет экожүйелік қызметтерді сандық форматта басқаруға мүмкіндік берді.

Қазіргі Алматы саябақтары тек табиғи кеңістік қана емес, сонымен қатар мәдени және әлеуметтік орталық қызметін атқарады. Қала тұрғындары саябақтарды қоғамдық шаралар, спорттық іс-шаралар және экологиялық білім беру мақсатында белсенді пайдалана бастады. Ботаникалық бақ пен Орталық мәдениет және демалыс саябағында экологиялық фестивальдер, балаларға арналған табиғатты қорғау сабағы және ағаш отырғызу акциялары жиі өткізіледі. Мұндай іс-шаралар қоғамның экологиялық мәдениетін арттырумен қатар, тұрғындардың табиғатқа жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Сонымен қатар, XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында Алматы қаласының экологиялық саясаты халықаралық бағдарламалармен тығыз байланыста дамыды. GCAP және UNECE ұсынымдарына сәйкес, қала әкімдігі 2025 жылға дейін көгалдандыру процестерін толық цифрландыруды жоспарлап отыр. Бұл бастама интерактивті көгалдандыру картасын құрумен тікелей байланысты. Картаның көмегімен тұрғындар өз аудандарындағы саябақтар, ағаш түрлері, жасыл аймақтардың көлемі және олардың экологиялық маңызы туралы нақты ақпарат ала алады. Сонымен қатар, интерактивті жүйе арқылы азаматтар өз ұсыныстарын енгізіп, көгалдандыру процесіне қатысу мүмкіндігіне ие болады. Бұл тәжірибе «қатысушы урбанизм» қағидатына сәйкес келеді, яғни қала кеңістігін басқаруда азаматтық қоғамның белсенді рөлін арттыруды көздейді.

Алматының экологиялық трансформациясы аймақтық және жаһандық трендтермен үндес келеді. Қалада соңғы жылдары жасыл экономика, көміртексіз даму және климатқа бейімделу стратегиялары қатар іске асуда. Қаланың жаңа саябақтарында электр энергиясын үнемдейтін шамдар, жаңбыр суын жинау жүйелері және биологиялық әртүрлілікті сақтайтын аймақтар енгізілуде. Мұндай жобалар Алматыны Орталық Азиядағы экологиялық инновацияның үлгісіне айналдырды [12]. Қала әкімдігі 2030 жылға дейін жасыл инфрақұрылым желісін өзен аңғарларымен байланыстыра отырып, үздіксіз «жасыл дәліз» құруды жоспарлап отыр. Бұл жүйе қала ауасының сапасын жақсартып қана қоймай, климаттық бейімделуді қамтамасыз ететін табиғи желдету арналарын қалыптастырады.

Қаланың жасыл даму стратегиясы ғылыми деректерге негізделеді. Урбан флора бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері заманауи саябақтарды жобалау барысында негізгі әдістемелік бағыт ретінде пайдаланылған. Қала әкімдігі жергілікті өсімдік түрлерін көбейтуге және сырттан енгізілген түрлердің үлесін азайтуға бағытталған бағдарламаларды дәйекті түрде жүзеге асыруда. Нәтижесінде Алматының көгалдандыру жүйесі экологиялық тұрғыдан тұрақты әрі биологиялық әртүрлілікке сүйенген кешенді жүйеге айналып келеді.

XXI ғасырдағы Алматы саябақтарының тағы бір ерекшелігі олардың әлеуметтік интеграциялық рөлі. Қоғамдық кеңістіктер тұрғындардың өзара қарым-қатынасы мен мәдени алмасу алаңына айналды. Мысалы, Орталық саябақ пен Жасыл Арбат аумағында апта сайын мәдени жәрмеңкелер, ашық аспан астындағы көрмелер және спорттық фестивальдер өтеді. Мұндай жобалар урбан мәдениетті дамытып, экологиялық және эстетикалық құндылықтардың үйлесімін қамтамасыз етеді.

Интерактивті көгалдандыру картасын құру әдістемесі

Қаланың тұрақты дамуы мен экологиялық тепе-теңдігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі жасыл кеңістіктерді ғылыми негізде жоспарлау және мониторинг жүргізу. Алматы қаласы үшін бұл мәселе ерекше өзекті, өйткені соңғы онжылдықтарда урбанизацияның күшеюі, көлік ағынының артуы және құрылыс қысымының өсуі табиғи экожүйелерге айтарлықтай әсер етті. Осы жағдайларда заманауи технологиялар мен ғылыми деректерге сүйене отырып, көгалдандыру процесін басқару мен талдаудың тиімді құралы ретінде интерактивті көгалдандыру картасын жасау қажеттілігі туындады [3,8]. Бұл карта тек визуалды көрнекілік емес, сонымен қатар ғылыми, статистикалық және басқарушылық шешімдерді біріктіретін экологиялық деректер жүйесі болып табылады.

Интерактивті көгалдандыру картасы Алматының саябақтары мен жасыл желектерінің кеңістіктік құрылымын, олардың тарихи дамуын, экологиялық жағдайын және әлеуметтік маңызын жан-жақты қамтитын көпқабатты геоақпараттық жүйе ретінде құрылады. Мұндай жүйе қаладағы экожүйелердің динамикасын нақты уақыт режимінде бақылауға, жасыл аймақтардың тығыздығын есептеуге және көгалдандыру сапасын бағалауға мүмкіндік береді. Картаға енгізілетін мәліметтер халықаралық стандарттарға сәйкес экологиялық индикаторлар негізінде таңдалады және ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен толықтырылады.

Картаны әзірлеу үдерісі бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезең деректерді жинау және жүйелеу. Бұл кезеңде қала әкімдігі, Алматы экологиялық департаменті және ғылыми мекемелер ұсынған ресми мәліметтер пайдаланылады. Оның ішінде саябақтар мен жасыл аймақтардың аудандары, ағаш түрлері, жасы, биіктігі, физиологиялық жағдайы және орналасу координаттары туралы ақпарат енгізіледі. Сонымен қатар, урбан флораның түрлік құрамы туралы деректер картаға флористикалық база ретінде енгізіледі [13]. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Алматы флорасы 396 өсімдік түрінен тұрады, олардың 70 пайыздан астамы сырттан енгізілген интродуценттер, ал қалған бөлігі жергілікті өсімдік түрлерін құрайды. Бұл

мәліметтер картада түрлік әртүрлілік пен экологиялық төзімділікті бағалауда маңызды қабат ретінде пайдаланылады.

Екінші кезең геоақпараттық талдау мен цифрландыру. Бұл кезеңде барлық жиналған деректер геоақпараттық жүйелер (GIS) арқылы өңделеді. ArcGIS, QGIS және Google Earth Engine платформалары қолданылады. Әрбір саябақ, тоғай, сквер және көше бойындағы жасыл желек полигондық немесе нүктелік форматта цифрлық картаға енгізіледі. Әр нысанның сипаттамаларына өсімдік түрі, отырғызылған жылы, ағаш биіктігі мен диаметрі, физиологиялық жағдайы және қызметтік статусы (рекреациялық, қорғаныштық, санитарлық, декоративтік) секілді параметрлер қосылады. Бұл ақпарат қабаттар түрінде сақталады және қажет болған жағдайда сүзгілер арқылы талданады.

Үшінші кезең тарихи-кеңістіктік деректерді интеграциялау. Алматы қаласының саябақтық жүйесінің XIX–XX ғасырлардан бергі даму эволюциясын көрсету үшін архивтік материалдар, ескі жоспарлар мен карталар, спутниктік суреттер пайдаланылады. Осы деректер негізінде картаның «тарихи қабаты» жасалады. Бұл қабат XIX ғасырдың соңындағы алғашқы саябақтардың (Қазыналық бақ, Баум тоғайы), кеңестік кезеңдегі (Панфилов саябағы, Горький саябағы, 1-Май бағы) және қазіргі заманғы саябақтардың орналасуын салыстырмалы түрде көрсетуге мүмкіндік береді [14]. Осылайша карта Алматының көгалдандыру жүйесінің тарихи сабақтастығын көрнекі түрде бейнелейді.

Төртінші кезең экологиялық және әлеуметтік индикаторларды енгізу. Бұл бағытта UNECE (2024) және GSAR құжаттарында ұсынылған тұрақты даму көрсеткіштері пайдаланылады. Олардың ішінде ауа сапасы (PM_{2.5}, NO₂, CO₂ деңгейлері), температура айырмашылығы, шу индексі, жасыл аймақтарға қолжетімділік және адам басына шаққандағы жасыл кеңістік көлемі сияқты көрсеткіштер бар. GSAR жоспары бойынша 2030 жылға қарай Алматы тұрғындарының әрқайсысына кемінде 10 м² жасыл аймақ тиесілі болуы керек. Интерактивті карта бұл көрсеткіштердің орындалуын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді [7]. Мысалы, картада әр ауданның жасыл тығыздығы түрлі түстермен белгіленіп, экологиялық теңгерімсіздікті анықтауға және көгалдандыру бойынша басым аудандарды айқындауға мүмкіндік береді.

Бесінші кезең азаматтық қатысу мен қоғамдық деректерді енгізу. Интерактивті картаның негізгі ерекшеліктерінің бірі тұрғындар мен еріктілердің қатысу мүмкіндігі. Қолданушылар арнайы мобильді қосымша немесе веб-портал арқылы өз аудандарындағы ағаштар мен саябақтар жайлы ақпаратты толықтыра алады, фотосуреттер жүктей алады, ағаштың жағдайы немесе санитарлық мәселелер туралы хабарлама қалдыра алады. Бұл тәсіл «қатысушы урбанизм» қағидатына негізделіп, GSAR және UNECE ұсынып отырған экологиялық басқарудағы ашықтық принципін жүзеге асырады.

Алтыншы кезең аналитикалық және визуализация құралдарын енгізу. GIS жүйесінде карта деректерін талдау үшін көпдеңгейлі аналитикалық панельдер құрылады. ArcGIS Dashboard немесе QGIS Web Client негізінде әзірленген интерфейстер карта деректерін нақты уақытта талдауға және салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл панель арқылы қала әкімдігі көгалдандыру жұмыстарының тиімділігін, отырғызылған ағаштардың тіршілік деңгейін және жасыл желектің жалпы динамикасын бақылап отыра алады. Сонымен қатар, картада уақыттық сүзгі енгізіліп, белгілі бір жылдардағы көгалдандыру өзгерісін салыстыруға болады.

Картаның тағы бір маңызды құрамдас бөлігі экожүйелік қызметтерді бағалау модулі. Бұл модуль әрбір жасыл аймақтың ауа тазарту, көмірқышқыл газын сіңіру, көлеңке беру және температураны төмендету секілді қызметтерін есептейді. Мұндай бағалау алгоритмдері UNECE (2024) ұсынған «экожүйелік қызметтердің құндылығын экономикалық тұрғыдан есептеу» әдістемесіне негізделеді. Бұл тәсіл Алматы қаласының экологиялық саясатын тек сапалық тұрғыдан емес, сандық және экономикалық өлшемдермен бағалауға мүмкіндік береді [15].

Картаның ғылыми және практикалық маңызы зор. Біріншіден, ол урбанистер мен жоспарлаушыларға нақты шешім қабылдау үшін дәлелді база береді. Екіншіден, экологиялық білім беруде қолдануға ыңғайлы құрал ретінде мектептер мен жоғары оқу орындарында пайдалануға болады. Үшіншіден, карта ғылыми зерттеулер мен мониторинг жобаларына дерек көзі ретінде қызмет етеді. Төртіншіден, қала тұрғындары үшін ақпараттың ашықтығын арттырып, экологиялық мәдениетті қалыптастырады.

Картаны қолдану нәтижесінде Алматы қаласында экологиялық менеджменттің жаңа форматы қалыптасады. Барлық саябақтар мен ағаштар бірегей дерекқорға біріктіріледі, ал бұл

жүйе тұрақты түрде жаңартылып, қоғам мен билік арасындағы ашық экологиялық байланыс құралына айналады. Мұндай жүйе GCAP және UNECE стратегияларында айтылғандай, жасыл кеңістіктерді басқарудың тиімділігін арттырып, климаттық тәуекелдерді төмендетуге бағытталған шешім қабылдауды жеңілдетеді [16].

Қорытынды және ұсыныстар

Алматы қаласының саябақтық жүйесінің қалыптасу тарихы мен көгалдандыру саясаты бір жарым ғасырдан астам уақытты қамтитын үздіксіз эволюциялық үдеріс болып табылады. XIX ғасырдың екінші жартысында Верный бекінісі кезеңінде пайда болған алғашқы жасыл аймақтар қала құрылымының экологиялық өзегіне айналды. Табиғи су арналары мен арық жүйелерін пайдалану арқылы қалыптасқан алғашқы көше-бақ жүйесі қаланың микроклиматын реттеп, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталды. Сол кезеңдегі Қазыналық бақ пен Баум тоғайы сияқты алғашқы нысандар Алматының «жасыл қала» ретіндегі болмысын айқындады және кейінгі саябақтар жүйесінің ғылыми, сәулеттік және мәдени негізіне айналды.

XX ғасырда кеңестік урбанизация мен әлеуметтік құрылыс саясаты Алматының көгалдандыру жүйесін жаңа деңгейге көтерді. Саябақтар мен демалыс аймақтары қоғамдық өмірдің мәдени орталығына айналып, қала тұрғындарының әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз етті. Панфиловшылар, Горький және 1-Май саябақтары қала кеңістігінің маңызды компонентіне айналып, идеологиялық және рекреациялық қызмет атқарды. Кеңестік кезеңде қаланың шекарасында орман белдеулері отырғызылып, табиғи климаттық тепе-теңдік сақталды. Бұл кезең Алматының қазіргі экологиялық жүйесінің іргетасы болды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Алматы урбанизацияның жаңа толқынын бастан кешірді. Қала халқының артуы, көлік санының көбеюі және құрылыс қарқынының өсуі жасыл аймақтарға қысым түсірді. 1990 жылдардың басында экономикалық қиындықтар мен жекешелендіру саясатының нәтижесінде көптеген саябақтар мен бақтар күтімсіз қалып, экологиялық дисбаланс байқалды. Дегенмен, 2000 жылдардан бастап Алматы әкімдігі мен халықаралық ұйымдардың қолдауымен экологиялық саясат қайта жанданды. Еуропалық қайта құру және даму банкінің Green City Action Plan (GCAP) және Біріккен Ұлттар Ұйымының Smart Sustainable City Profile: Almaty (UNECE, 2024) құжаттары көгалдандырудың стратегиялық бағытын анықтады. Бұл құжаттарда Алматы қаласының көгалдандыру көлемін арттыру, өзен аңғарларын көк-жасыл дәлізге айналдыру және климаттық бейімделу шараларын күшейту сияқты мақсаттар айқындалды. GCAP жоспары бойынша 2030 жылға дейін қаладағы жасыл аймақ көлемі адам басына шаққанда 10 м² деңгейіне жеткізілуі тиіс.

XXI ғасырда Алматының көгалдандыру саясаты жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Қалада экологиялық архитектура мен смарт-технологияларды үйлестірген жаңа буын саябақтары салынды. Президент саябағы, Ботаникалық бақтың қайта жаңғыруы, Сайран көлі маңы, Жасыл Арбат және Almaty Garden Park сияқты жобалар экологиялық инновацияның жарқын үлгісі болып табылады. Бұл саябақтарда жаңбыр суын жинайтын жүйелер, энергия үнемдейтін жарықтандыру, автоматтандырылған суару технологиялары және жергілікті өсімдік түрлері қолданылды. Мұндай тәсіл Алматыны Орталық Азиядағы экологиялық тұрақты қала үлгісіне айналдыруда. Сонымен қатар, қала тұрғындарының экологиялық мәдениеті артты. «Жасыл Алматы», «Таза ауа», «Eco Challenge» сияқты волонтерлік қозғалыстар көгалдандыру ісіне қоғамды тартудың тиімді механизміне айналды.

Алматының қазіргі экологиялық саясаты ғылыми негіздерге сүйенеді. Зерттеулерде қаланың флоралық құрамының ерекшеліктері айқындалып, жергілікті өсімдік түрлерін көбейту мен сырттан енгізілген интродуценттер үлесін азайту қажеттілігі көрсетілген. Мұндай деректер көгалдандыруды ғылыми негізде жоспарлауға мүмкіндік беріп, экологиялық саясаттың тиімділігін арттыруға жол ашты. Сонымен қатар, GCAP және UNECE ұсынымдарына сәйкес, қала әкімдігі жасыл кеңістіктердің сапалық мониторингін жүйелі түрде жүргізуді қолға алды. Осы бағытта интерактивті көгалдандыру картасын әзірлеу жобасы іске асырылуда.

Интерактивті карта Алматы қаласының барлық жасыл аймақтарын, саябақтарды, ағаштар мен тоғайларды біртұтас цифрлық жүйеге біріктіретін ғылыми және басқарушылық құрал. Ол геоақпараттық жүйелер (GIS), спутниктік деректер және ғылыми зерттеулер негізінде әзірленеді. Бұл карта арқылы әрбір ағаштың түрі, жасы, биіктігі, физиологиялық жағдайы, экологиялық маңызы тіркеліп, нақты уақыт режимінде жаңартылып отырады. Сонымен бірге картада тарихи қабаттар (XIX–XX ғғ. саябақтар мен көгалдандыру үлгісі), биологиялық құрам (флоралық әртүрлілік), әлеуметтік көрсеткіштер (адам басына шаққандағы жасыл көлем) және экологиялық индикаторлар (ауа сапасы, температура айырмасы, шу деңгейі)

қамтылады. Мұндай жүйе қаланың экологиялық тепе-теңдігін сақтауға бағытталған шешімдерді дәлелді негізде қабылдауға мүмкіндік береді.

Картаның тағы бір ерекшелігі азаматтық қатысу элементі. Тұрғындар арнайы веб-портал немесе мобильді қосымша арқылы өз аудандарындағы ағаштар туралы ақпарат алып, ұсыныстар енгізіп, фотоматериал жүктей алады. Бұл тәсіл GCAP және UNECE ұсынған «қатысушы урбанизм» қағидатына сәйкес келеді және экологиялық шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Мұндай тәсіл қала тұрғындарының табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып, экологиялық мәдениетті нығайтады.

Жалпы алғанда, Алматы қаласының көгалдандыру жүйесі тарихи дәстүр мен заманауи инновацияның бірегей синтезін көрсетеді. XIX–XX ғасырларда қалыптасқан саябақтық мәдениет пен кеңестік көгалдандыру тәжірибесі қазіргі кезеңде халықаралық экологиялық стандарттармен толықтырылып, жаңа мазмұнға ие болды. Қалада көгалдандыру тек сәндік мақсаттағы шара емес, тұрғындардың өмір сапасын, қоғамдық денсаулығын және әлеуметтік үйлесімділігін жақсартатын стратегиялық бағыт ретінде қарастырылып отыр.

Болашақта Алматының экологиялық саясаты ғылыми мониторинг пен технологиялық шешімдерге сүйенуі қажет. Интерактивті карта негізінде экожүйелік қызметтердің (ауа тазарту, көлеңке беру, ылғал сақтау, көмірқышқыл газын сіңіру) экономикалық құндылығын есептеу жүйесін енгізу маңызды. Мұндай тәсіл табиғатты қорғау шараларын қаржылық тұрғыдан да тиімді етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, флоралық әртараптандыруды күшейту, жергілікті ағаш түрлерін көбейту және интродуценттерге тәуелділікті азайту қала экожүйесінің тұрақтылығын арттырады. Өз кезегінде, өзен аңғарларын көк-жасыл дәліз ретінде дамыту, табиғи желдету жүйесін сақтау және орман белдеуін кеңейту климаттық бейімделудің негізгі тетігі болып қала береді.

Қорытындылай келгенде, Алматы қаласының саябақтары мен көгалдандыру саясаты ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи тәжірибе мен заманауи урбанистік ойдың тоғысында дамып келеді. Қала табиғи рельефі мен мәдени мұрасын сақтай отырып, инновациялық экологиялық шешімдер арқылы тұрақты даму моделін қалыптастыруда. GCAP пен UNECE ұсынымдарына негізделген экологиялық стратегия, ғылыми зерттеулер мен интерактивті карта жобасы Алматыны болашақта Орталық Азиядағы экологиялық тұрғыдан тұрақты және технологиялық дамыған «жасыл мегаполиске» айналдыруға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы табысты тәжірибе Қазақстанның басқа қалалары үшін де үлгі болары анық. Алматы бүгінде табиғат пен адамды үйлестіре дамытқан, мәдениет пен ғылымды экологиялық сана арқылы біріктірген жаңа дәуірдің қаласы ретінде қалыптасып отыр.

References

1. Khodzhikov, A., Abilov, A., Yaskevich, V., & Abaidulova, D. (2022). Transformation of public spaces in Almaty. *Project Baikal*, (74), 110–120.
2. Pakina, A., & Batkalova, A. (2018). The green space as a driver of sustainability in post-socialist urban areas: The case of Almaty City (Kazakhstan). *Belgeo*, 2018(4). <https://doi.org/10.4000/belgeo.28865>
3. Beisenova, A. M., Tolepbergen, A. T., & Kuspangaliev, B. U. (2023). Региональные особенности архитектуры города Алматы XIX–XX вв. [Conference/Journal paper].
4. Sergazy, D. Y., & Samoilov, K. I. . History of formation of public spaces in Almaty. *Наука и образование сегодня* (pp. 86–88).
5. United Nations Economic Commission for Europe. (2024). *Smart Sustainable Cities Profile: Almaty, Kazakhstan*. Geneva: UNECE. (ECE/HBP/223).
6. Minzhanova, G., Pavlichenko, L., Karbayeva, S., Bimagambetova, L., & Razdobudko, O. (2021). The green space and social impact in Almaty city: A cross-sectional data analysis. *GeoJournal of Tourism and Geosites*, 34(1), 251–255. <https://doi.org/10.30892/gtg.34134-645>
7. Kozgambayeva, G. B. (n.d.). The city of Almaty and its historical and cultural monuments. *Edu.e-history.kz*, 1(05).
8. Kenzhebekov Muratbek Nietbekovich, Samoilov Konstantin Ivanovich Features of formation of public spaces of the city of Almaty at the end of the XIX - the beginning of the XX URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/features-of-formation-of-public-spaces-of-the-city-of-almaty-at-the-end-of-the-xix-the-beginning-of-the-xx-century>

9. Artykbaev, D., Baibolov, K., & Rasulov, H. (2020). *The green space and social impact in Almaty City: A cross-sectional data analysis*. *GeoJournal of Tourism and Geosites*, 32(4), 1238–1243. <https://doi.org/10.30892/gtg.32407-563>
10. Atakhanova, Z., & Baigaliyeva, M. (2025). *Kazakhstan's infrastructure programs and urban sustainability: Analysis of Astana*. *Urban Science*, 9(4), 100. <https://doi.org/10.3390/urbansci9040100>
11. Kozbagarova, N., & Srail, M. (2023). *Expressions of national identity in the landscape architecture projects in Kazakhstan*. *ISVS e-journal*, 10(8), 136–149. <https://doi.org/10.61275/ISVSej-2023-10-08-10>
12. Sadyrova, G. A., Inelova, Z. A., Dzhamilova, S. M., Baizhygitov, D. K., Yessimsitova, Z., & Dauletbaeva, M. M. (2018). *Analysis of urban flora of the city of Almaty (Kazakhstan)*. *OnLine Journal of Biological Sciences*, 18(3), 365–376. <https://doi.org/10.3844/ojbsci.2018.365.376>
13. Pakina, A., & Batkalova, A. (2018). *The green space as a driver of sustainability in post-socialist urban areas: The case of Almaty City (Kazakhstan)*. *Belgeo*, 4.
14. Sadyrova, G. A., Inelova, Z. A., Dzhamilova, S. M., Baizhygitov, D. K., Yessimsitova, Z., & Dauletbaeva, M. M. (2018). *Analysis of urban flora of the city of Almaty (Kazakhstan)*. *OnLine Journal of Biological Sciences*, 18(3), 365–376. <https://doi.org/10.3844/ojbsci.2018.365.376>
15. UNECE. (2024). *Smart sustainable cities profile: Almaty, Kazakhstan*. United Nations Economic Commission for Europe. Geneva.
16. *Green City Action Plan (GCAP) for the City of Almaty*. . Almaty GCAP (English version). Document prepared and owned by Akimat of Almaty city.

"IRON FIST" – THE EPIC OF OUR VICTORY**Aghayeva Sevdə Aydın**

Azerbaijan State Pedagogical University, Baki, Azerbaijan
 Philology Faculty, Senior Teacher of Foreign Language Centre
 ORCID: 0000-0002-5615-6923

"DƏMİR YUMRUQ" - ZƏFƏRİMİZİN DASTANI**Ağayeva Sevdə Aydın**

Azərbaycan Dövlət Pedaqoji Universiteti, Bakı, Azərbaycan
 Filologiya fakültəsi, Xarici Dillər Mərkəzinin baş müəllimi
 ORCID: 0000-0002-5615-6923

Abstract

The year 2020, written in golden letters in the history of Azerbaijan, allowed the realisation of the dreams that our people have been living in their hearts for many years. General Polad Hashimov's elevation to the height of martyrdom ignited the people's sense of revenge, as Mr President said, everyone united under the "Iron Fist" and our heroic sons voluntarily went to the front to save the Motherland from a difficult day. The war that started on September 27 ended with victory on November 8, Garabakh, the seeing eye of our homeland, was freed from the enemy.

Today, Azerbaijan is living the most glorious and powerful period of its centuries-old history. It is impossible to express in words what kind of emotions a person feels and how happy he is from the feeling of national pride caused by Victory Day. It is very proud to be a citizen of the WINNING country. The good news of the great victory of the President of the country, Mr Ilham Aliyev, who gave us these proud historical moments, and of the Victorious Azerbaijan Army, has become an eternal epic of heroism in the hearts of our people. The 44-day Patriotic War showed that our nation is a strong, determined nation that loves its land. Our Martyrs, who wrote history with their blood, can rest easy. Winner Azerbaijan, which they left us as a legacy, is flourishing and getting stronger day by day.

Xülasə

Azərbaycan tarixinə qızıl hərflərlə yazılmış 2020-ci il xalqımızın uzun illərdən bəri qəlbində yaşatdığı arzuların gerçəkləşməsinə rəvac verdi. General Polad Həşimovun şəhidlik zirvəsinə ucalması xalqın intiqam hissini alovlandırdı, cənab prezidentin söylədiyi kimi hamı "Dəmir yumruq" altında birləşərək Vətəni dar gündən xilas etmək üçün qəhrəman oğullarımız könüllü olaraq cəbhəyə yollandılar. 27 sentyabrda başlanan müharibə 8 noyabrda qələbə ilə sona çatdı, Vətənimizin görün gözü olan Qarabağ düşmən tapdağından azad oldu.

Azərbaycan bu gün çoxəsrlik tarixinin ən şanlı və qüdrətli dövrünü yaşayır. Zəfər Günü'nün doğurduğu milli qürur hissindən insanın hansı duyğular keçirdiyini, nə qədər fərəhləndiyini sözlə ifadə etmək olmur. QALIB ölkənin vətəndaşı olmaq olduqca qürurvericidir. Bizə bu qürurlu tarixi anları yaşadan ölkə Prezidenti cənab İlham Əliyevin, Müzəffər Azərbaycan Ordusunun böyük Qələbə müjdəsi xalqımızın qəlbində əbədi qəhrəmanlıq dastanına çevrilib. 44 günlük Vətən müharibəsi göstərdi ki, xalqımız nə qədər qüdrətli, mətin, torpağını sevən bir xalqdır. Öz qanları ilə tarix yazan Şəhidlərimiz rahat uyuya bilirlər. Onların bizə miras qoyub getdiyi Qalib Azərbaycan gündən-günə çiçəklənir, güclənir.

Açar sözlər: İlham Əliyev, Azərbaycan xalqı, Qalib Azərbaycan, şəhidlik zirvəsi, qədim Şuşa, Qarabağ münaqişəsi, şanlı tarixi qələbə, əbədi tarix, 44 günlük müharibə, "dəmir yumruq".

Keywords: Ilham Aliyev, Azerbaijani people, Winner Azerbaijan, the height of martyrdom, ancient Shusha, Garabakh conflict, glorious historical victory, eternal history, 44-day war, "Iron Fist".

INTRODUCTION

“Şanlı və tarixi qələbəmiz hər birimiz üçün qürur mənbəyidir”.

Prezident İlham Əliyev

“Our glorious and historic victory is a source of pride for each of us.”

President Ilham Aliyev

The Azerbaijani state, which has always emerged from the harsh trials of history, has not bowed down to the enemy and is known for its invincibility, has gone through a long and historical path of development. The history, culture, literature, music, and art of our people, who are a threat to the enemy, are extremely rich and unique. Of course, the real reasons why a country and people with diverse and different characteristics are so jealous and targeted are precisely this development and progress. Our state, which has gone through a long historical path, has always been distinguished by its commanders, figures, and leaders.

On September 27, 2020, in response to the provocations of the Armenian armed forces along the front, units of the Azerbaijani army launched counter-offensive operations. The heroic sons of our people, united as one fist, gave a worthy response to the enemy. This war demonstrated the national strength, determination, invincible army of the Azerbaijani state, the determination and solidarity of our people to fight the whole world. With this struggle, Azerbaijan restored historical justice and territorial integrity. It proved that it is capable of achieving absolute victory on all fronts, whether on the battlefield, at the diplomatic level, or on the information front. Thus, our country, while becoming the leading state of the South Caucasus, laid the foundation for an important strategic precedent. In addition to having a say in the world, it became a positive example, created important strategic realities and worked to establish lasting peace and reliable security in the region. By resolving the 30-year-old Garabakh conflict with its own strength, it also ensured the implementation of relevant resolutions of the UN Security Council. The Patriotic War, each day of which is a history, lasted only 44 days. But with its 44 days, it challenged the past, the century, perhaps even the millennia. One more epic of heroism that has reached our time from the depths of history has been added - the Epic of Victory.

The year 2020, which has already entered history, was marked by successes in political, diplomatic and other fields for the people of Azerbaijan. The most important success of the year is our glorious historic victory in the 44-day Patriotic War under the leadership of the President of Azerbaijan, the victorious Commander-in-Chief Ilham Aliyev.

After the liberation of the ancient Shusha, the cultural capital of Azerbaijan, the crown of Garabakh, the victory of the Great Victory wrote a new eternal history in the history of our nation. As a result of this great victory, our lands were freed from the occupation of Armenia and the Garabakh conflict, which lasted for nearly 30 years, ended. The determined position of our President in winning this historic victory brought great joy and pride to our people, including each of us. Heroic soldiers, sergeants, ensigns, officers and generals of the Azerbaijan Army have shown and proved to the world that they have high professionalism and enviable love for the Motherland.

The waving of our tricolour flag in Jabrayl, Khankendi, Fuzuli, Zangilan, Shusha, Aghdam, Kalbajar and Lachin is the high-level rise of our Commander-in-Chief Ilham Aliyev, the unbreakable strength, will power, monolithic unity and example of our people. Undoubtedly, this glorious historical victory will always be appreciated and never forgotten by our people who appreciate its great importance and irreplaceable place.

The irreplaceable role of glorious and heroic Azerbaijani soldiers and officers in winning this Victory is undeniable. Therefore, the entire Azerbaijani people will always remember these people who are the saviours of the Motherland and all our martyrs who died for the Motherland with gratitude. At the same time, as a victorious state, Azerbaijan faces new goals.

Our country is taking confident steps to achieve these goals under the leadership of President Ilham Aliyev and will continue to do so. Azerbaijan ensured historical justice and territorial integrity in the Patriotic War by subjecting the invading Armenia to full capitulation. Thanks to the glorious victory in the 44-day war, new realities have emerged in the region. On February 26, at a press conference for local and foreign media representatives, President Ilham Aliyev, answering numerous questions from journalists, drew special attention to the factors that determined the glorious victory of our republic in the Patriotic War and the new realities created in the region as a result of this victory, and spoke in detail about the recovery plan that our country will implement in the territories freed from occupation.



Currently, our main task ahead is the implementation of construction and restoration works in our liberated areas. In this

regard, the regular visits of the President of Azerbaijan Ilham Aliyev to the liberated regions are welcomed by our people with great enthusiasm. The foundations of major development are already being laid in the liberated areas. The goal is to ensure development not only at the national level, but also at the regional and international levels, achieving successful integration.

We will soon witness revival and settlement in our lands, which were subjected to Armenian vandalism for nearly 30 years. The historical visits of the President of Azerbaijan Ilham Aliyev to our liberated lands and the laying of the foundations of new strategic facilities and enterprises built within the framework of the construction works carried out in those areas by the head of state are of exceptional importance both politically, economically and morally.

The visits of President Ilham Aliyev and First Lady Mehriban Aliyeva to the liberated regions are met with great interest and enthusiasm in the society. Interestingly, this enemy audience is also closely watched. When our head of state was in Fuzuli, Zangilan, Lachin and Jabrayil regions, everyone saw the implementation of new projects. The task of the President regarding the preparation of the master plans of all cities and regions freed from occupation is being carried out without delay.

In all his speeches and interviews, the head of state has repeatedly emphasized that restoration work on the liberated lands will be organized at the highest level. During this visit, he once again sent a message to the hated enemy and said that we stopped what the enemies destroyed, destroyed, and stole, and crushed their heads with an "Iron Fist": "I said that all restoration works in the liberated lands will be organized at the highest level. We will restore all these destroyed villages. Look how the hateful enemy has destroyed all our settlements.

During the occupation, vandals and barbarians demolished all buildings, looted and stole stones. We will restore everything." In our territories freed from occupation, the barbaric acts committed by Armenian vandals for years are noticeable at every step. Our destroyed cities and villages, destroyed and insulted mosques, historical and cultural monuments erased from the face of the Earth show how barbaric and savage the enemy is. Of course, the enemy did all the destruction on purpose.

Occupant Armenia aims to destroy the historical heritage in Garabakh and the surrounding regions, erasing the national traces and losing the cultural identity of the Azerbaijanis in these lands. Focusing on the tasks to be performed to expose Armenian fascism, which is a threat not only to the people of Azerbaijan, but to humanity in general, President Ilham Aliyev said: "We did not only restore our territorial integrity, we destroyed Armenian fascism.

Although we have not completely saved our region from fascist ideology, we have destroyed a large part of it. Therefore, our glorious Victory is of great importance for the region, for the world... Armenian fascism is the cruellest, most dangerous, most hateful, ugliest ideology, and we destroyed this ideology. I believe that over the years these historical services of ours will be more fully understood by the world." Representatives of the diplomatic corps in Azerbaijan, heads of the representative offices of international organizations in our country visit the territories freed from the occupation of Armenia.

The purpose of the visit is to acquaint the diplomats with the traces of atrocities committed by the armed forces of Armenia. Here, diplomats see with their own eyes the vandalism committed by

Armenians for 27 years. However, with its construction policy, Azerbaijan will revive all our territories and turn them into a paradise. Azerbaijan will restore all the monuments here and take care of them. (6)

Special mention should be made of the care given to disabled people, veterans and families of martyrs of the Garabakh War who fought for the freedom of our land.

Today, our state pays deep respect, attention and care to the family members of our soldiers, veterans and soldiers who died in the Patriotic War. President Ilham Aliyev defined the further strengthening of social security for the families of martyrs and war disabled as one of the main priorities of the social policy. The further increase of state care for families of martyrs and war disabled is always in the focus of the head of state and First Vice-President Mehriban Aliyeva. By conducting a strong social policy, Azerbaijan shows both its state policy and its intention, as well as doing great things to improve people's living standards.

Every day of the 44 days is a glorious date. This war, which ended with the military and political victory of the victorious Commander-in-Chief Ilham Aliyev, first of all, demonstrated the power of Azerbaijan to the world. Occupying Armenia took advantage of the principle of double standards and the atmosphere of punishment created by international organisations for nearly 30 years and did not give up its cunning games. Provocations were committed against Azerbaijan at all times. However, the state of Azerbaijan and its visionary leader, President Ilham Aliyev, showed patience as usual and supported the peaceful resolution of the conflict within the framework of the territorial integrity of Azerbaijan.

The coming of Nikol Pashinyan to the leadership made the situation even worse. Pashinyan spoke aloud what was in the hearts of Armenians. Sometimes he went drunk in Shusha surrounded by generals whose chests were full of orders and medals, he sometimes sent his son to Khankendi for military service, he sometimes wanted to bring Nagorno-Garabakh as a party to the negotiation process. The cup of patience of Azerbaijan was about to overflow. Pashinyan's blunders and Armenia's military-political provocations made President Ilham Aliyev angry and take decisive steps.

Even before the start of the war, the President of Azerbaijan appealed to the world community and international organizations and showed with facts that Armenia was carrying out illegal settlements in Garabakh and was preparing for war. For the last time, on September 24, 2020, 3 days before the start



of the war, President Ilham Aliyev once again called on the world community using the UN high tribunal: "The arming of the occupying country that has carried out ethnic cleansing seriously undermines the peace negotiations and the occupying state encourages military provocations. The Second Garabakh War, the Holy Homeland War, began for the restoration of the territorial integrity of Azerbaijan. The state, people and army of Azerbaijan showed all their strength and capabilities to achieve the goal, immediately mobilized and turned into a powerful, huge fist. It should also be emphasized that Muzaffar Commander-in-Chief Ilham Aliyev prepared for this war openly and secretly with all his skills and abilities, talent and charisma. A determined, principled leader clearly defined what, when and how to do. The result of this was very difficult for Armenia.

Ilham Aliyev crushed the enemy's head and broke his back with his **Iron Fist** in a short time - 44 days. By applying new tactics and strategies, he destroyed the Armenian army and turned it into a collection of cowards and deserters. The patriotic Azerbaijani youth showed himself in the best way on the battlefield, in the fight against the hated enemy. He performed all combat tasks bravely and showed bravery and heroism. Shusha almost took the fortress city by climbing steep rocks, crossing difficult paths, and using light weapons. In a word, the whole world saw what the young people of Azerbaijan are capable of and what true love for the country looks like. Commander-in-Chief Ilham Aliyev made the enemy sign the act of surrender and the tripartite declaration based on the conditions he set, forcing Agdam, Lachin and Kalbajar to return without firing a shot. (2)

The 30-year longing of the Azerbaijani people ended and Ilham Aliyev returned the lost lands as a Mighty Commander for the first time in centuries. He solved the two-century Garabakh conflict once and for all successfully. He re-introduced the people of Azerbaijan to the world as a proud, warlike people who take ownership of their lands. The magnificent military operations of the Azerbaijan Army, the 44-

day victory war, were fully realized by the Supreme Commander-in-Chief Muzaffar. The Patriotic War was primarily a war of intelligence, foresight, wisdom, determination and strong will.

Точками представлены значения α для исследованных нами образцов до имплантации. Видно, что они с некоторым, но не очень большим разбросом, ложатся на кривую «а».

Крестиками изображены значения α в имплантированных образцах. Видно, что они также неплохо согласуются с данными для однородного PbTe (кривая «б»), причем разброс точек не больше, чем в образцах до имплантации. Подобная согласия имеется и для эффекта Q - Нернста – Эттингсгаузена. Этот эффект чрезвычайно чувствителен к неоднородностям электрофизических свойств, а также к механизму рассеяния. Поэтому как в не имплантированных, так и в имплантированных образцах значения Q имеют значительный разброс (до $\pm 30\%$). Однако, в пределах этого разброса практически незаметно влияние ионной бомбардировки.

Исключение составляет один образец, подвергнутый имплантации при наименьшей дозе (10 мкКл/см^2). Данные для него помечены на рис.1 и рис.2. кружками. Видно, что коэффициент

Холла для него отрицателен при $T = 300\text{K}$ и положителен при 77K . Коэффициент термоэдс при 300K положителен, что не соответствует знаку R и очень мал по величине: $\alpha_{300} = +20\text{мВ/к}$ при $R_{300} = -4\text{см}^2\text{Кл}$, вместе $\alpha = -270\text{мВ/к}$. Значение Q для этого образца в 3,5 раза превосходит средние данные для других образцов n -типа, причем $Q > 0$. Здесь налицо ярко выраженная слоистая неоднородность, причем в образца после имплантации имеются слои с разным типом проводимости.

Литература

1. «INVESTIGATION OF ION-IMPLANTED PbTe SEMICONDUCTOR FILMS WITH ARGON IONS» International Scientific Conference, «PROGRESS IN SCIENCE», Brussels, Belgium, 13-14 april, 2023.
2. ИССЛЕДОВАНИЕ ИОННО ИМПЛАНТИРОВАННЫХ ПОЛУПРОВОДНИКОВЫХ ПЛЕНОК PbTe « Ar^+ ». The Proceedings of The International Scientific-Practical Conference on "THE FOURTH INDUSTRIAL REVOLUTION AND INNOVATIVE TECHNOLOGIES" dedicated to the 100th anniversary of National Leader Heydar Aliyev. PART 3. 3-4 may 2023/ Ganja.

Political sciences

THE TRANSFORMATION OF SOCIAL POLICY IN KAZAKHSTAN: THE BALANCE BETWEEN SOCIAL DEPENDENCY AND DIGITAL RESPONSIBILITY

Ibragimov Almas Abdimalikuly

First-Year Master's Degree Student,

L.N. Gumilyov Eurasian National University

Kopezhanova Danagul Edigeikyzy

Doctor of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ӘЛЕУМЕТТІК МАСЫЛДЫҚ ПЕН ЦИФРЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК АРАСЫНДАҒЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІК

Ибрагимов Алмас Абдималикұлы

1-курс магистранты,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Көпежанова Данагүл Едігейқызы

философия докторы (PhD),

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Abstract

The article analyzes the current transformation of social policy in Kazakhstan through the lens of the contradictions between the rise of social dependency and the formation of a culture of digital responsibility. The aim of the study is to determine the balance of responsibility between the state and the citizen by assessing the impact of social assistance structures and digital control systems on social behavior. The research is based on qualitative and comparative methods, analyzing normative documents, official statistics, and contemporary scientific works. Using content analysis and sociological interpretation approaches, the relationship between social dependency and the level of civic engagement is examined. The main findings show that the expansion of social assistance does not fully stimulate labor activity and increases the risk of social dependency. At the same time, while digital transformation has improved the efficiency of public services, it has also led to the strengthening of social control and the decline of individual freedom and public trust. The study concludes that enhancing the effectiveness of social policy requires a focus on conditional and motivational models, while digital systems should prioritize transparency and ethical data use. Maintaining the balance between social justice and digital efficiency is identified as a key task of the modern social state. The findings provide a methodological basis for practical decision-making in the fields of social policy and digital governance.

Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың қазіргі трансформациясы әлеуметтік масылдықтың күшеюі мен цифрлық жауапкершілік мәдениетінің қалыптасуы арасындағы қайшылықтар тұрғысынан талданады. Зерттеудің мақсаты - әлеуметтік көмектің құрылымы мен цифрлық бақылау жүйелерінің әлеуметтік мінез-құлыққа әсерін бағалау арқылы мемлекет пен азамат арасындағы жауапкершілік тепе-теңдігін анықтау. Зерттеу сапалық және салыстырмалы әдістерге негізделіп, нормативтік құжаттар, ресми статистика және заманауи ғылыми еңбектер талданды. Контент-талдау мен социологиялық интерпретация тәсілдері арқылы әлеуметтік тәуелділік пен азаматтық белсенділік деңгейі арасындағы байланыс қарастырылды. Негізгі нәтижелер әлеуметтік көмектің кеңеюі еңбек белсенділігін толық ынталандыра алмай, әлеуметтік масылдық тәуекелін арттыратынын көрсетті. Сонымен бірге, цифрлық трансформация мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттырғанымен, әлеуметтік бақылаудың күшеюіне және азаматтардың жеке еркіндігі мен сенім деңгейінің төмендеуіне әкеліп отыр. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру үшін шартты және ынталандырушы модельдерге, ал цифрлық жүйелерде ашықтық пен деректердің этикалық пайдаланылуына басымдық беру қажеттігін айқындады. Қорытындысында, әлеуметтік әділеттілік пен цифрлық тиімділіктің тепе-теңдігін сақтау заманауи әлеуметтік мемлекеттің негізгі міндеті ретінде тұжырымдалады. Зерттеу нәтижелері

әлеуметтік саясат пен цифрлық басқару саласында практикалық шешімдер қабылдау үшін әдістемелік негіз ұсынады.

Keywords: social policy, social dependency, digital control, digital responsibility, social trust, civic freedom.

Кілт сөздер: әлеуметтік саясат, әлеуметтік масылдық, цифрлық бақылау, цифрлық жауапкершілік, әлеуметтік сенім, азаматтық еркіндік.

Кіріспе

XXI ғасырда әлеуметтік саясат тек экономикалық тұрақтылықтың құралы емес, қоғамның адам капиталына, әлеуметтік әділеттілікке және цифрлық мәдениетке бағытталған негізгі стратегиялық институтына айналды. Қазақстан жағдайында әлеуметтік саясаттың эволюциясы кеңестік әлеуметтік қамсыздандыру моделінен нарықтық қатынастарға бейімделген аралас жүйеге өтті. Бұл жүйе бір жағынан халықты әлеуметтік қорғаудың ауқымын кеңейтсе, екінші жағынан әлеуметтік масылдық феноменін күшейтіп, цифрлық бақылау мен жауапкершілік арасындағы күрделі қайшылықтарды туындатты.

Нарықтық экономиканың дамуы мен мемлекеттік қолдаудың өсуі азаматтардың белгілі бір бөлігі үшін әлеуметтік төлемдерге және субсидияларға тәуелді өмір салтын қалыптастырды. Көптеген зерттеулер әлеуметтік көмектің құрылымдық сипатын талдай келе, жәрдемнің адресілігі мен әділеттілігіне қарамастан, оның еңбек белсенділігін төмендететін жанама әсері бар екенін көрсетеді [1, 2]. Әлеуметтік масылдық тек экономикалық құбылыс емес, ол әлеуметтік-психологиялық және мәдени факторлармен астасып, азаматтық жауапкершіліктің әлсіреуіне әкеледі.

Сонымен қатар, соңғы онжылдықтағы цифрландыру мен автоматтандыру процестері әлеуметтік саясатты жаңа сапаға көтерді. Мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшуі (eGov, eOtinish, «Smart Data Ukimet», әлеуметтік төлемдерді цифрландыру) әлеуметтік инфрақұрылымды тиімді етті, алайда сонымен бірге цифрлық бақылау, деректердің орталықтануы және азаматтардың жеке кеңістігінің шектелуі секілді жаңа тәуекелдер тудырды. Бұл жағдайда цифрлық технологиялар әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырумен қатар, еркіндік пен сенім теңгерімін бұзуы мүмкін.

Халықаралық ғылыми әдебиеттерде бұл үдеріс «Цифрлық жауапкершілік» (Digital Responsibility, DR) және «Корпоративтік цифрлық жауапкершілік» (Corporate Digital Responsibility, CDR) ұғымдары арқылы түсіндіріледі [3]. Бұл тұжырымдамалар цифрлық трансформацияның тек техникалық емес, этикалық және әлеуметтік өлшемдерін қамтиды: деректердің ашықтығы, алгоритмдік әділеттілік, азаматтың ақпаратқа иелік ету құқығы және цифрлық инклюзия [4]. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық жауапкершілік әлеуметтік мемлекеттің жаңа парадигмасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады ол азаматты бақылау нысанынан қатысушы және деректер иесіне айналдырады.

Қазақстандық контекстте бұл мәселе ерекше өзектілікке ие. Бір жағынан, мемлекет әлеуметтік бағдарламалар арқылы халықтың әл-ауқатын қолдауға бағытталған ірі жобаларды жүзеге асырып келеді (мысалы, «Әлеуметтік кодекс», «Цифрлық Қазақстан», «Smart City» бастамалары). Екінші жағынан, әлеуметтік қолдаудың кеңеюі кей жағдайда жеке жауапкершілік пен еңбек уәжін әлсіретіп, азаматтардың мемлекеттің қамқорлығына тым сеніп кетуіне себеп болады. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар арқылы жәрдем мен қызмет көрсетудің автоматтандырылуы қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты формалды сипатқа көшіруі мүмкін [5]. Бұл заманауи әлеуметтік саясаттағы ең өзекті қайшылықтардың бірі.

Зерттеу нысаны - Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік саясат жүйесі мен оның цифрлық трансформация контексіндегі даму тенденциялары болып табылады. Бұл жүйе әлеуметтік қорғау, көмек көрсету және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру бағыттарында жаңа цифрлық форматтар арқылы дамып келеді. Зерттеу пәні - әлеуметтік масылдық пен цифрлық жауапкершіліктің өзара байланысы және олардың әлеуметтік әділеттілік пен азаматтық қатысуға тигізетін ықпалы. Осы мәселені талдау арқылы әлеуметтік саясаттың тиімділігі мен қоғамдағы сенім деңгейіне цифрландырудың әсерін анықтау көзделеді.

Зерттеудің басты мақсаты - Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың қазіргі даму бағытын сыни тұрғыдан талдап, әлеуметтік масылдықтың күшеюі мен цифрлық

жауапкершілік мәдениетінің қалыптасуы арасындағы қайшылықтарды айқындау. Бұл мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер белгіленді. Біріншіден, Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың эволюциясын және оның қазіргі институционалдық құрылымын сипаттау. Екіншіден, әлеуметтік масылдық феноменін әлеуметтік-психологиялық және мәдени тұрғыдан талдау. Үшіншіден, цифрландыру мен әлеуметтік бақылау тетіктерінің азаматтық белсенділік пен сенімге әсерін анықтау. Төртіншіден, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара жауапкершілік қатынасының бұзылу себептерін ашу. Бесіншіден, цифрлық бақылау мен әлеуметтік әділеттілік арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге арналған тұжырымдамалық ұсыныстар ұсыну. Осы міндеттерді іске асыру зерттеудің теориялық және практикалық маңызын айқындап, қазіргі әлеуметтік саясаттың тиімді моделін қалыптастыруға негіз болады.

Зерттеудің өзектілігі - қазіргі кезеңде әлеуметтік әділеттілік, цифрлық сенім және азаматтық жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігінен туындайды. Цифрлық технологиялар әлеуметтік қызметтердің тиімділігін арттырғанымен, олар адам мен мемлекет арасындағы өзара сенім қатынасына жаңа сынақтар қойып отыр. Әлеуметтік көмек жүйесінің тиімділігі енді тек экономикалық көрсеткіштермен емес, цифрлық этика, әділеттілік және мәдени жауапкершілік деңгейімен өлшенетін кезеңге өтті.

Осылайша, зерттеу әлеуметтік саясаттың тек экономикалық емес, әлеуметтік-мәдени және цифрлық өлшемдерін тоғыстыра қарастырып, Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік трансформация үдерістерін кешенді түсіндіруге бағытталған. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру, цифрлық бақылау мен жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған стратегиялық шешімдер әзірлеу үшін ғылыми негіз бола алады.

2. Теориялық бөлім

2.1. Әлеуметтік мемлекет және тәуелділік феномені

Әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасы ХХ ғасырдың ортасында индустриалды қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті азайту және азаматтардың өмір сапасын арттыру қажеттілігінен туындады. Р. Титмус әлеуметтік саясатты мемлекеттің қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігі ретінде қарастырып, оны «әділетті бөлу мен ынтымақтастық мәдениетін қамтамасыз ететін институт» деп сипаттады [6]. Ал Г. Эспинг-Андерсеннің классикалық еңбегі «The Three Worlds of Welfare Capitalism» (1990) әлеуметтік мемлекетті үш типке - либералдық, консервативтік және социал-демократиялық модельдерге - бөліп, олардың негізгі айырмашылығын мемлекеттің әлеуметтік қорғаудағы рөлі мен азаматтың мемлекетке тәуелділік деңгейімен байланыстырды [7].

Қазақстан жағдайында әлеуметтік мемлекеттің эволюциясы тәуелсіздік жылдарындағы экономикалық өтпелі кезеңмен және нарықтық реформалармен тығыз байланысты болды. Алғашқы кезеңде әлеуметтік саясат амортизациялық сипатқа, яғни экономикалық күйзелістердің салдарын жұмсартуға бағытталды [1,7]. Кейінірек әлеуметтік бағдарламалар адресілік және қызмет тиімділігі қағидаттарымен толықтырылып, «еңбек етуге ынтыландыру» ұстанымдары енгізілді. Алайда бұл шаралар әлеуметтік тәуелділік мәселесін түбегейлі шеше алған жоқ.

Әлеуметтік масылдық феномені - әлеуметтік саясаттағы ең күрделі және даулы категориялардың бірі. Ол тек экономикалық құбылыс емес, сонымен бірге әлеуметтік-психологиялық және мәдени мінез-құлық үлгісі. Р. Гудин (Goodin, 1988) әлеуметтік көмек жүйесі адамды уақытша қолдау үшін қажет десе, Ч. Мюррей (Murray, 1984) артық көмек азаматтардың еңбекке уәжін әлсіретіп, «тәуелділік мәдениетін» тудыратынын дәлелдеген [2,8].

Қазақстандық контексте масылдық феноменінің қалыптасуына үш фактор әсер етеді:

1. Құрылымдық - еңбек нарығындағы өнімсіз өзін-өзі жұмыспен қамту мен аймақтық теңсіздік;
2. Психологиялық - әлеуметтік қолдауға бейімделген мінез-құлық пен патерналистік сана;
3. Мәдени - кеңестік кезеңнен қалған «мемлекет қамқор болуы тиіс» түсінігі [2]

Бұл жағдай әлеуметтік саясаттың басты қайшылығын көрсетеді: бір жағынан, мемлекет халықты қорғауға міндетті, екінші жағынан, бұл қорғау шаралары азаматтың өз белсенділігін төмендетпеуі керек. Демек, әлеуметтік мемлекеттің тиімділігі тек материалдық қолдаумен емес, азаматтың жауапкершілігі мен қатысу деңгейімен өлшенеді. Осы тұрғыдан «әлеуметтік мемлекет» ұғымы бүгінде «ынтыландырушы мемлекет» концептімен алмастырылуда, яғни мемлекеттің рөлі - көмек көрсету емес, жеке бастаманы қолдау мен қабілетті дамытуға жағдай жасау.

2.2. Цифрлық бақылау мен жауапкершілік теориялары

XXI ғасырдың екінші онжылдығында әлеуметтік саясат цифрлық трансформациямен тығыз байланысып, бақылау, есеп және жауапкершілік жүйелерінің жаңа формалары қалыптаса бастады. Бұл өзгерістерді түсіндіруде бірқатар теориялық тәсілдер маңызды рөл атқарады.

Біріншіден, М. Фуконың «пәнділік пен бақылау» концепциясы қазіргі цифрлық қоғамды сипаттаудың іргелі теориялық негізі болып табылады. Фуко сипаттаған паноптикон моделінде билік азаматты физикалық мәжбүрлеу арқылы емес, үздіксіз көріну және өзін-өзі қадағалау арқылы басқарады [9]. Цифрлық дәуірде бұл қағида электронды бақылау, деректерді жинау және алгоритмдік шешімдер арқылы жүзеге асырылады. Яғни, әлеуметтік саясат тиімділікке ұмтылған сайын, ол еркіндік шекараларын да кеңейте отырып, азаматтың өмірін басқарудың жаңа формаларын енгізеді.

Екіншіден, Д. Лайонның «қадағалау қоғамы» теориясы цифрлық технологиялар биліктің жаңа құралына айналып, әлеуметтік бақылаудың күнделікті өмірге еніп кеткенін түсіндіреді. Лайон бұл құбылысты «бақылау капитализмі» (surveillance capitalism) деп атап, деректерді экономикалық және саяси биліктің жаңа түріне айналдырған құбылыс ретінде сипаттайды. ресурсқа айналған дәуірде жеке өмір мен азаматтық жауапкершілік арасындағы шекара жойылып бара жатқанын атап көрсетеді [10].

Үшіншіден, қазіргі зерттеулерде цифрлық жауапкершілік (Digital Responsibility) және корпоративтік цифрлық жауапкершілік (Corporate Digital Responsibility - CDR) ұғымдары алдыңғы қатарға шықты. Бұл тұжырымдамалар цифрландыруды тек технологиялық емес, этикалық және әлеуметтік процесс ретінде қарастырады. Зерттеулерде ұсынылған «DR Cube» (Цифрлық жауапкершілік кубы) моделі цифрлық жауапкершілікті үш деңгейде қарастырады:

Жеке деңгей - азаматтың цифрлық сауаттылығы, деректерге иелік ету және онлайн мінез-құлық этикасы;

1. Корпоративтік деңгей - ұйымдардың деректерді әділ және ашық пайдалану жауапкершілігі;

2. Қоғамдық деңгей - мемлекет пен қоғам арасындағы цифрлық әділеттілік және инклюзия қағидаттары [3].

Бұл модель әлеуметтік саясат үшін ерекше өзекті, себебі цифрлық платформалар (eGov, eOtinish, әлеуметтік төлем жүйелері) тек қызмет көрсету құралы ғана емес, әлеуметтік бақылау мен жауапкершілікті үлестіру тетігіне айналды. Егер алгоритм шешім қабылдау үдерісін ашық және түсіндірілетін түрде жүргізбесе, онда цифрлық технология азаматтық сенімді әлсіретіп, масылдық сияқты пассивті мінез-құлық үлгілерін күшейтуі мүмкін.

Қазіргі зерттеушілер цифрлық жауапкершілікті дәстүрлі әлеуметтік жауапкершіліктің жалғасы емес, жаңа әлеуметтік келісімнің негізі ретінде қарастырады. Бұл келісімде мемлекет, бизнес және азамат деректерге иелік ету мен оларды әділ пайдалану бойынша ортақ міндет пен этикалық жауапкершілікті бөліседі [11]. Осылайша, цифрлық бақылау жүйелері тек реттеу немесе тәртіп орнату құралы емес, өзара сенім мен қатысудың архитектурасы болуы тиіс.

3. Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың қазіргі жағдайы

3.1. Әлеуметтік көмектің құрылымы және оның қайшылықтары

Қазақстандағы әлеуметтік саясат қазіргі уақытта аралас үлгідегі әлеуметтік қорғау жүйесімен сипатталады. Бұл жүйе үш негізгі деңгейден тұрады. Біріншісі - міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі, оған зейнетақы, жәрдемақы, жұмыссыздық және еңбекке жарамсыздық жағдайындағы төлемдер жатады. Екіншісі - мемлекеттік әлеуметтік көмек, ол адрессті әлеуметтік көмек, көпбалалы отбасыларға жәрдемақы, сондай-ақ аз қамтылған топтарға арналған түрлі субсидия түрлерін қамтиды. Үшіншісі - арнаулы әлеуметтік қызметтер мен өңірлік бағдарламалар, олардың құрамына инклюзия, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көрсетілетін қызметтер, тұрғын үй қолжетімділігін арттыру және басқа да әлеуметтік жобалар кіреді.

Мемлекеттік саясаттың басты мақсаты - әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, халықтың әлсіз топтарының өмір сапасын арттыру және қоғамда тең мүмкіндіктер тудыру. Алайда зерттеулер көрсеткендей, қазіргі әлеуметтік көмектің құрылымы бірқатар жүйелік және функционалдық қайшылықтармен сипатталады [2, 12].

Біріншіден, әлеуметтік төлемдердің үлесі халық табысының құрылымында едәуір жоғары. Бұл еңбекке негізделмеген кірістердің басымдығын көрсетеді. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің мәліметтері бойынша, 2023 жылы үй шаруашылықтарының жалпы табысындағы әлеуметтік трансферттердің үлесі 26,8%-ды

құраған. Бұл көрсеткіш ТМД елдері бойынша орташа деңгейден жоғары. Мұндай динамика әлеуметтік қолдау жүйесінің жұмыспен қамтуды арттыру функциясын әлсіретіп, оның орнына масылдық тәуекелін күшейтетінін білдіреді.

Екіншіден, адрессті әлеуметтік көмекті (АӘК) алу критерийлерінің жиі өзгеруі азаматтардың жүйеге деген сенімін төмендетеді. 2018-2021 жылдары көмек алу ережесі төрт рет жаңартылған: табыс шегі, отбасы құрамын есептеу және еңбекке қабілетті мүшелерге қойылатын талаптар қайта қаралды. Бұл өзгерістердің жиілігі әлеуметтік саясаттың тұрақсыздық проблемасын көрсетеді және азаматтардың ұзақ мерзімді жоспарлау мүмкіндігін шектейді.

Үшіншіден, әлеуметтік саясаттың басым бөлігі материалдық көмекке бағытталған, ал дағды, білім және еңбек белсенділігін ынталандыратын шаралар жеткіліксіз. Мысалы, еңбекке қабілетті жастағы адамдарға арналған қайта даярлау, кәсіптік оқыту және микробизнес бағдарламалары (мысалы, «Еңбек», «Бастау Бизнес») кең ауқымда іске асқанымен, олардың тиімділігі өңірлік және инфрақұрылымдық факторларға тәуелді. Нәтижесінде әлеуметтік қолдау көбіне уақытша тұтыну формасына айналып отыр.

Төртіншіден, цифрландыру әлеуметтік қызметтерді қолжетімді етті (eGov, eOtinish, «Әлеуметтік әмиян» жобалары), алайда әлеуметтік теңсіздік пен цифрлық алшақтық жаңа қиындықтар туғызды. Ауылдық аймақтардағы интернет сапасының төмендігі және цифрлық сауаттылықтың жеткіліксіздігі кейбір топтардың мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуін шектейді. Бұл мәселе цифрлық трансформацияны тиімділіктің емес, инклюзия мен әділеттіліктің контекстінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Осы факторлардың барлығы әлеуметтік саясаттың басты қайшылығын айқындайды: мемлекет әлеуметтік қорғау көлемін арттырған сайын, жүйе азаматтардың белсенділігін шектеп, әлеуметтік масылдық мінез-құлықты қалыптастыру қаупін күшейтеді. Бұл әлеуметтік мемлекеттің «қамқорлық» және «ынталандыру» функциялары арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуының айқын көрінісі.

3.2. Азаматтардың мемлекетке тәуелділік факторлары

Азаматтардың әлеуметтік саясатқа тәуелділігін тек экономикалық көрсеткіштермен түсіндіру жеткіліксіз, себебі бұл құбылыс құрылымдық, мәдени және институционалдық факторлардың қиылысында қалыптасады. Құрылымдық факторлар тұрғысынан қарағанда, Қазақстан экономикасында өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі 2024 жылдың басында шамамен 23% құрады (ҰЭМ дерегі). Бұл топтың едәуір бөлігі формальды әлеуметтік қорғау жүйесіне қатыспайды, бірақ дағдарыс кезеңінде мемлекеттік көмекке жүгінеді. Сонымен қатар, аймақтар арасындағы табыс айырмашылығы жоғары: мысалы, Атырау облысындағы орташа табыс пен Түркістан облысындағы табыс арасындағы айырма үш еседен асады. Мұндай теңсіздік аймақтық масылдық тәуекелін күшейтіп, әлсіз аймақтарда әлеуметтік көмекті табыстың негізгі көзіне айналдырады [11].

Мәдени және психологиялық факторлар да азаматтардың мемлекетке тәуелділігін тереңдетеді. Кеңестік кезеңнен қалған патернализмдік сана («мемлекет бәрін шешеді») қазіргі әлеуметтік саясаттағы ең тұрақты мәдени мұралардың бірі болып отыр. Әлеуметтік көмек көбіне азаматтық құқық емес, жеке артықшылық ретінде қабылданады. Сонымен қатар, қоғамда «жәрдем алу» ұғымы ұят немесе масылдықпен теңестіріледі, бұл формалды және бейресми нормалардың қайшылығын күшейтеді. Әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, азаматтардың басым бөлігі әділеттілік түсінігін «тең бөлу» емес, «еңбекке қарай бөлу» принципімен байланыстырады, бұл әлеуметтік әділеттілік пен жәрдем философиясының арасындағы мәдени диссонансты айқындайды [3].

Институционалдық факторлар да маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың тиімділігі көбіне бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі мен ақпараттық ашықтық деңгейіне тәуелді. Көмек тағайындау процесі құжат жинау мен өтініш рәсімдеріне негізделгендіктен, азаматтар үшін түсініксіз және сенімсіз сипат алады. Әлеуметтік әділеттілік қағидасын толық жүзеге асыру үшін жүйенің түсіндірмелілігі мен айқындығы қажет [12]. Цифрлық форматтар бұл процесті жеңілдетіп отырғанымен, азамат пен мемлекеттік институт арасындағы сенім тапшылығын толығымен шеше алған жоқ.

Сондай-ақ, цифрлық теңсіздік және инклюзия факторы әлеуметтік тәуелділікті жаңа деңгейде қалыптастыруда. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында интернет пен электрондық қызметтердің қолжетімділігі артқанымен, ауыл мен қала арасындағы цифрлық айырмашылық әлі де сақталуда. Бұл жағдай әлеуметтік қызметтерге тең қатысуды шектеп,

цифрлық масылдықтың жаңа түрін тудырады, яғни азаматтар технологияны өз бетінше дамытушы емес, дайын цифрлық қызметтің тұтынушысы ретінде пайдалануға бейімделеді [13]. Осылайша, құрылымдық, мәдени, институционалдық және цифрлық факторлар өзара ықпалдаса отырып, әлеуметтік саясаттың тиімділігін төмендетіп, азаматтардың мемлекетке тәуелділігін күшейтеді.

4. Цифрландыру және жауапкершіліктің жаңа формалары

4.1. Цифрлық есеп пен бақылау жүйелерінің әлеуметтік әсері

XXI ғасырдың цифрлық дәуірінде әлеуметтік саясаттың басқару жүйесі түбегейлі өзгерді. Цифрлық технологиялар мемлекеттік қызметтерді көрсету, әлеуметтік төлемдерді тағайындау және қоғаммен кері байланысты қамтамасыз ету үдерістерін жеделдетіп, әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырудың басты тетігіне айналды. Қазақстанда соңғы он жыл ішінде енгізілген eGov, eOtinish, e-Halyk, Kaspi.kz платформалары мен Smart City бастамалары әлеуметтік инфрақұрылымның жаңа деңгейін қалыптастырды.

Дегенмен, цифрлық басқарудың дамуымен қатар, бақылау және деректер орталықтандыруының күшеюі қоғамда жаңа әлеуметтік және этикалық сұрақтарды тудырды. М. Фуконың (1977) «паноптикон» метафорасы бұл жағдайды дәл сипаттайды: азамат өзін бақылауда екенін сезген сайын, өз мінез-құлқын реттеп, билік логикасына бейімделеді. Цифрлық кеңістікте бұл механизм алгоритмдер мен автоматтандырылған шешімдер арқылы жүзеге асады [14]. Алгоритмдік бақылау классикалық әкімшілік қадағалаудан айырмашылығы - азаматтың әрбір әлеуметтік және экономикалық әрекетін деректер деңгейінде тіркеп, мінез-құлық үлгісін болжауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық контексте бұл үрдіс әлеуметтік төлемдер мен қызмет көрсетудің автоматтандырылуында, жеке сәйкестендіру нөмірлері мен биометрикалық жүйелердің кеңінен қолданылуында айқын көрінеді. Мысалы, 2022 жылдан бастап «Әлеуметтік әмиян» жобасы арқылы аз қамтылған азаматтарға төлемдер проактивті түрде есептеліп, жеке өтінішсіз тағайындала бастады. Мұндай инновациялар транзакциялық шығындарды азайтып, бюрократиялық кедергілерді жойғанымен, олар құқықтық ашықтық пен түсіндірмелілік мәселелерін күшейтеді. Азамат алгоритм қабылдаған шешімнің неге негізделгенін және оны қайта қарау тетігі бар-жоғын біле бермейді.

Бұл құбылысты «цифрлық жауапкершілік кубы» (Digital Responsibility Cube) тұжырымдамасы арқылы түсіндіруге болады. Цифрлық бақылау мен есеп жүйелерінің тиімді қызмет етуі үшін үш деңгейдегі теңгерімді сақтау қажет. Біріншіден, жеке деңгейде азаматтың дербес деректерін қорғау және ақпаратқа еркін қолжетімділік құқығы қамтамасыз етілуі тиіс. Екіншіден, институционалдық деңгейде алгоритмдердің әділеттілігі, қабылданған шешімдердің түсіндірілетін сипаты және тәуелсіз аудит механизмдерінің болуы маңызды. Үшіншіден, қоғамдық деңгейде әлеуметтік әділеттілік пен инклюзия қағидаттары сақталуы қажет. Егер осы теңгерім бұзылса, цифрландыру үдерісі тиімділік әкелгенімен, әлеуметтік сенім мен азаматтық қатысу әлсірейді. Бұл ретте деректерді басқарудағы жауапкершілік пен билік арасындағы теңсіздік цифрлық теңсіздіктің жаңа түрін қалыптастырады. Нәтижесінде цифрлық бақылау жүйесі азаматты қолдау құралы болудың орнына, оны «цифрлық объектіге» айналдырады [15].

Қазақстандағы әлеуметтік бақылау мен есеп жүйелерінің дамуы да осы тенденцияны көрсетеді. Бір жағынан, автоматтандыру мен жасанды интеллект көмегімен әлеуметтік төлемдердің әділеттілігі артып келеді. Мысалы, E-Halyk платформасы табыс деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, бұл жүйелерде қателіктер мен әділетсіз тағайындаулар орын алған кезде, азаматтың өз құқықтарын қорғауы күрделене түседі. Демек, цифрлық бақылау жүйелерінің әлеуметтік әсері екіжақты: ол тиімділікті арттырады, бірақ сенімді азайтады [16]. Сондықтан цифрландыру саясаты тек техникалық модернизация емес, этикалық және әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру процесі ретінде қарастырылуы тиіс.

4.2. Азаматтық жауапкершіліктің формалды және бейресми көріністері

Цифрлық дәуір азаматтардың қоғам өміріне қатысу формаларын түбегейлі өзгертті. Бұрын азаматтық жауапкершілік салық төлеу, сайлауға қатысу немесе қоғамдық ұйымдарға мүше болу сияқты формалды әрекеттермен шектелсе, бүгінде ол цифрлық қатысу мен деректермен жұмыс мәдениетін қамтиды.

Формалды азаматтық жауапкершілік Қазақстанда электронды үкімет арқылы жүзеге асып келеді. eGov порталы азаматтарға 700-ден астам мемлекеттік қызметке онлайн

қолжетімділік береді. Бұл жүйе азаматтың құқықтық міндеттерін (салық, тіркеу, өтініш, шағым беру) жеңілдетіп, «қатысу бюрократиясын» қысқартты. Алайда, азаматтың бұл процесітегі рөлі көбіне пассив тұтынушы деңгейінде қалып отыр: қызмет алушы - жауапкершілік иесі емес, цифрлық жүйенің соңғы нүктесі. Осыдан келіп, «цифрлық қатысу» мен «цифрлық азаматтық» арасындағы айырмашылық туындайды [17].

Бейресми азаматтық жауапкершілік - бұл қоғамның өз бетінше ұйымдасу формалары: еріктілер қозғалысы, онлайн петициялар, краудфандинг, әлеуметтік желідегі азаматтық белсенділік. Соңғы жылдары Қазақстанда әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде цифрлық ынтымақтастық пен қоғамдық бақылаудың жаңа түрлері қалыптасты: азаматтар мемлекеттік шешімдерге пікір білдіріп, қоғамдық мониторинг жүргізеді, «open data» арқылы деректерді салыстырады. Бұл үрдіс «төменнен жоғары» бағыттағы жауапкершіліктің жаңа мәдениетін тудырады [18, 19].

Мұндай бейресми белсенділік әлеуметтік сенім мен өзара жауапкершілікті қалпына келтірудің маңызды құралы болып отыр. Луон (2018) атап өткендей, заманауи қоғамда бақылау тек биліктің құралы ғана емес, сонымен қатар өзара жауаптылықтың формасы. Егер азамат бақылауға ғана ұшырап қоймай, өзі де шешім қабылдауға қатысса - бұл «өзін-өзі реттейтін қоғам» белгілері. Қазақстан жағдайында бұл әлеует бар, бірақ ол әлі толық институционалданған жоқ.

Формалды және бейресми жауапкершіліктің өзара байланысы әлеуметтік саясаттың тиімділігін анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Формалды жүйе азаматтарға заңды және цифрлық құралдар ұсынса, бейресми қатысу сенім мен ортақтық мәдениетін дамытады [20]. Осы екі арнаны біріктіру арқылы әлеуметтік саясат тек жәрдем мен бақылау механизмі емес, қатысу мен өзара сенім платформасына айналуы мүмкін.

5. Талдау және талқылау

5.1. Масылдық пен цифрлық бақылау арасындағы байланыс

Қазақстандағы әлеуметтік саясат соңғы онжылдықта айтарлықтай цифрландырылғанымен, әлеуметтік көмекті алушылардың үлесі мен еңбек белсенділігі арасындағы тепе-теңдік сақталмай отыр. Ұлттық статистика бюросының 2024 жылғы деректеріне сәйкес, республика халқының 14,2%-ы мемлекеттік әлеуметтік көмек түрлерін алады, ал жұмыспен қамтылғандардың 22,7%-ы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарында. Бұл көрсеткіш халықтың елеулі бөлігі экономикалық белсенді болғанымен, әлеуметтік тәуелділіктің сақталып отырғанын көрсетеді.

Мұндай тепе-теңсіздікті түсіндіру үшін әлеуметтік қолдау мен еңбек қатысуының өзара байланысын қарастырған жөн (кесте 1).

Кесте 1. 2018-2023 жылдар аралығындағы әлеуметтік көмекті алушылар мен еңбек қатысу деңгейі (пайызбен)

Жыл	Әлеуметтік көмек алушылар үлесі (%)	Еңбекке қатысу деңгейі (%)	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үлесі (%)	Жұмыссыздық деңгейі (%)
2018	11.6	69.3	25.1	4.9
2019	13.2	69.7	24.6	4.8
2020	14.8	68.1	23.9	5.0
2021	13.7	68.9	23.2	4.9
2022	14.0	69.5	22.8	4.8
2023	14.2	70.0	22.7	4.8

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы (2024).

Кестеден байқауға болады: 2018-2023 жылдар аралығында әлеуметтік көмек алушылардың үлесі 11,6%-дан 14,2%-ға өскен, ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үлесі 25,1%-дан 22,7%-ға дейін төмендеген. Бұл үрдіс әлеуметтік төлемдердің ұлғаюымен қатар жеке еңбек белсенділігінің баяулағанын көрсетеді. Демек, әлеуметтік қолдау саясаты экономикалық белсенділікті ынталандырудың орнына масылдық мінез-құлықтың сақталуына жанама түрде ықпал етуде [14].

Сонымен бірге, цифрлық бақылау құралдарының күшеюі әлеуметтік саясаттағы үдерістерді екі түрлі бағытта өзгертті. Бір жағынан, оның позитивті әсері байқалады: электрондық өтініштер мен автоматтандырылған тексерулер әлеуметтік көмектің әділеттілігін арттырып, ресми емес табыс алу мен құжаттық бұрмалауды азайтты. Екінші жағынан, бұл жүйелердің негативті әсері де бар: алгоритмдік қателер мен «сандық әділетсіздік» азаматтардың өздеріне қатысты шешімдерге деген сенімін төмендетеді. 2023 жылы eÖtinish платформасы арқылы тіркелген әлеуметтік көмекке қатысты өтініштердің 19,4%-ы қателік


немесе ақпараттың жеткіліксіздігі себебінен қайтарылған (Ұлттық цифрлық даму министрлігі, 2024). Бұл көрсеткіш цифрлық бақылау жүйесінің бюрократиялық сипат алып, азаматтар мен мемлекеттік институттар арасындағы сенім дағдарысын тереңдетіп отырғанын дәлелдейді.

Осы деректер негізінде әлеуметтік масылдық пен цифрлық бақылау арасындағы өзара байланыс парадоксы айқын көрінеді. Бір жағынан, әлеуметтік көмекті автоматтандыру әділеттілікті арттырып, мемлекеттік қолдау шараларының ашықтығын қамтамасыз етеді. Алайда, екінші жағынан, алгоритмдік бақылаудың күшеюі азаматтың дербестігі мен қоғам өміріне белсенді қатысуын әлсіретеді. Бұл жағдайды «цифрлық патернализм» феномені ретінде сипаттауға болады, яғни мемлекет азаматтың әл-ауқатын қамтамасыз етуді технологиялық тетіктер арқылы реттей отырып, оның таңдау еркіндігі мен субъектілік рөлін шектейді.

5.2. Әлеуметтік сенім мен еркіндік мәселелері

Әлеуметтік саясаттың тиімділігін анықтайтын басты факторлардың бірі сенім деңгейі. Егер азамат мемлекеттік институттардың әділдігіне сенбесе, әлеуметтік бағдарламалардың мақсатты әсері төмендейді. 2023 жылы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Қоғамдық сенім индексі» зерттеуінде халықтың тек 43%-ы ғана әлеуметтік әділеттілік пен көмек бөлудің ашықтығына қанағаттанатынын көрсеткен.

Сенім дағдарысы көбіне цифрлық бақылау жүйелерінің ашық еместігімен байланысты. Азамат әлеуметтік жәрдем алу кезінде өз деректерінің қалай қолданылатынын білмейді, ал шешім қабылдау үдерісі түсіндірілмейді. Бұл жағдайда цифрлық жүйелер тиімділік тудырғанымен, еркіндік сезімін төмендетеді.



Сурет 1. Азаматтардың әлеуметтік институттарға сенімі және цифрлық жүйелерді қабылдау деңгейі (%)

Дереккөз: ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (2023), Цифрлық даму министрлігі (2024).

Сурет 2 мәліметтері парадоксты үрдісті көрсетеді: цифрлық қызметтердің тиімділігіне қанағаттану 61%-дан 74%-ға дейін өскен, бірақ жеке деректердің қауіпсіздігіне сенім 45%-дан 38%-ға дейін төмендеген. Бұл азаматтардың технологияға бейімделіп, бірақ билікке деген сенімін жоғалтып отырғанын дәлелдейді.

Сенім мен еркіндік арасындағы бұл қарама-қайшылық әлеуметтік саясаттағы басты сын-қатердің бірі болып отыр. Бір жағынан, цифрлық жүйелер әлеуметтік бақылауды «жұмсақ» етеді яғни адам еркіндігін шектеусіз, бірақ жасырын бақылау механизмімен басқарады. Екінші жағынан, азаматтық белсенділік дәл осы цифрлық кеңістікте жаңа бейресми арналар арқылы өсіп келеді: онлайн петициялар, әлеуметтік жобалар, еріктілер қозғалысы, краудфандинг платформалары. Бұл - бақылау мен қатысудың бір уақытта артуы, яғни «қатысушы бақылау» мәдениетінің қалыптасуы.

Әлеуметтік еркіндік ұғымы классикалық либералдық мағынасында (таңдау еркіндігі, сөз және іс бостандығы) шектеулі түсінік емес; қазіргі контексте ол цифрлық автономияны -

деректерге иелік ету, алгоритм шешімін түсіну және өз пікірін білдіру мүмкіндігін қамтиды. Егер бұл құқықтар қамтамасыз етілмесе, цифрлық модернизация еркіндіктің жаңа шектеулерін туғызады.

6. Қорытынды және ұсыныстар

Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың қазіргі даму кезеңі күрделі қайшылықтармен сипатталады. Бір жағынан, мемлекет әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету бағытында елеулі институционалдық және цифрлық реформалар жүргізіп отыр. Екінші жағынан, бұл реформалар әлеуметтік масылдықтың күшеюі мен цифрлық бақылаудың артуына әкеліп, азаматтардың белсенділігі мен еркіндігіне жаңа шектеулер туғызуда.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әлеуметтік саясаттың тиімділігі тек қаржыландыру көлемімен емес, азаматтың қоғамдағы белсенді рөлімен және цифрлық жауапкершілік мәдениетімен анықталады. 2018-2023 жылдар аралығында әлеуметтік көмек алушылардың үлесі 11,6%-дан 14,2%-ға өскен, ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі 25,1%-дан 22,7%-ға дейін азайған (ҚР Ұлттық статистика бюросы, 2024). Бұл динамика әлеуметтік көмектің еңбек белсенділігін ынталандырушы құралдан гөрі, тәуелділікті тұрақтандыратын жүйеге айналып бара жатқанын айғақтайды. Сонымен қатар, әлеуметтік төлемдер көлемінің өсуі мен аймақтық табыс теңсіздігінің сақталуы еңбек пен табыстың әділетті бөлінуін бұзып отыр.

Цифрландыру үдерісі әлеуметтік саясаттың әкімшілік тиімділігін арттырғанымен, әлеуметтік сенім мен азаматтық еркіндікке қосымша сынақтар әкелді. 2023 жылғы әлеуметтік сауалнамаларға сәйкес, азаматтардың 74%-ы электронды қызметтердің ыңғайлылығын мойындағанымен, тек 38%-ы ғана жеке деректерінің қауіпсіздігіне сенеді (ҚР АҚДМ, 2023). Бұл көрсеткіш цифрлық бақылаудың қоғамда “жасырын билік формасына” айналып, сенім мәдениетінің әлсіреуіне әсер етіп отырғанын дәлелдейді. Осылайша, қазіргі әлеуметтік саясат тиімділіктің техникалық өлшемдеріне басымдық беріп, этикалық және мәдени аспектілерін екінші кезекке ысырып қойған.

Зерттеу нәтижелері бойынша келесі негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар жасалды:

Біріншіден, әлеуметтік саясаттың басты міндеті - әлеуметтік тәуелділікті азайтып, азаматтың еңбекке, білімге және өз дамуына ынтасын арттыру болуы тиіс. Ол үшін әлеуметтік көмек шартты және ынталандырушы сипатқа ие болуы қажет. Мысалы, әлеуметтік жәрдем алушыны қайта оқыту бағдарламасына қатыстыру немесе қоғамдық жұмыс арқылы қоғамға қайта интеграциялау шараларын күшейту керек. Бұл бағытта “әлеуметтік ваучер” немесе “еңбек бонусы” жүйесін енгізу - масылдықтың алдын алуға тиімді құрал болмақ.

Екіншіден, цифрлық трансформация тек тиімділік пен жеделдік үшін емес, әділеттілік пен ашықтық қағидаларына негізделуі керек. Цифрлық жүйелерде шешім қабылдау процесі түсіндірілетін, әділ және шағымдану мүмкіндігі бар құрылымда жүзеге асуы қажет [16]. “Explainable AI” және “Data Responsibility” стандарттарын енгізу азаматтың өз деректеріне иелік етуін қамтамасыз етіп, мемлекеттік платформаларға деген сенімді арттырады.

Үшіншіден, әлеуметтік саясаттың табысты болуы институционалдық және мәдени факторлардың үйлесіміне байланысты. Патерналистік ойлау мен “мемлекет бәрін шешеді” түсінігі азаматтық жауапкершілікті шектейді. Сондықтан қоғамда “жәрдем алушы” емес, “қатысушы азамат” бейнесін қалыптастыру маңызды. Бұл үшін цифрлық сауаттылық бағдарламалары мен азаматтық бастамаларды (волонтерлік, краудфандинг, онлайн-мониторинг) қолдауды кеңейту қажет.

Төртіншіден, сенім мен еркіндік арасындағы тепе-теңдікті сақтау - цифрлық дәуірдегі әлеуметтік мемлекеттің негізгі миссиясы. Цифрлық бақылау мен әлеуметтік әділеттілікті үйлестіру үшін әлеуметтік шешімдерді қабылдау үдерісінде қоғамдық бақылау мен деректердің ашықтығын арттыру қажет. “Open Data” негізіндегі әлеуметтік мониторинг және азаматтардың “Digital Qoldau” сияқты кері байланыс платформаларына қатысуы осы сенімді қалпына келтірудің тиімді жолы болмақ.

Бесіншіден, әлеуметтік саясаттың аймақтық және демографиялық теңгерімін нығайту керек. Ауылдық аймақтарда цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру, интернет пен eGov қызметтерінің сапасын арттыру және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына әлеуметтік жауапкершілік функцияларын беру қажет. Бұл азаматтарды тек тұтынушы емес, қоғамдық серіктес ретінде көруге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері әлеуметтік саясаттың қазіргі кезеңін қамқорлықтан серіктестікке көшу дәуірі ретінде сипаттайды. Бұл кезеңде мемлекет пен азамат арасындағы қатынас “беруші - алушы” үлгісінен “ортақ жауапкершілік” форматына ауысуы тиіс. Тек осылай болған жағдайда әлеуметтік саясат өзінің негізгі миссиясы - адам әлеуетін дамыту, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және сенімге негізделген қоғам құру міндетін орындай алады.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңызы - әлеуметтік масылдық пен цифрлық бақылау арасындағы өзара байланыс механизмі алғаш рет жүйелі түрде қарастырылып, “цифрлық жауапкершілік” ұғымы әлеуметтік саясат талдауының құрамдас бөлігі ретінде ұсынылды. Ал практикалық маңызы - алынған тұжырымдар әлеуметтік саясатты жетілдіру, мемлекеттік бағдарламаларды жобалау және цифрлық трансформацияның әлеуметтік салдарын бағалау үдерістерінде қолдануға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың табысы цифрлық технологиялардың дамуымен емес, әлеуметтік сенім мен азаматтық жауапкершіліктің нығаюымен өлшенуі тиіс. Әлеуметтік әділеттілік пен цифрлық тиімділіктің тепе-теңдігін сақтау заманауи әлеуметтік мемлекеттің стратегиялық мақсаты және тұрақты дамудың басты шарты.

References

1. Dauletkhanova, Zh. D. (2016). Study of the mechanism of state regulation of the social sphere of the Republic of Kazakhstan. *Economic Analysis: Theory and Practice*, 3, 111–120.
2. Tynyshykbayev, A. D., & Abdimomynova, A. Sh. (2017). Social policy of the Republic of Kazakhstan: Theoretical aspect. *Young Scientist*, 3(137), 404–406. <https://moluch.ru/archive/137/38532>
3. Trier, M., Kundisch, D., Beverungen, D., Müller, O., Schryen, G., Mirbabaie, M., & Trang, S. (2023). Digital Responsibility: A Multilevel Framework for Responsible Digitalization. *Business & Information Systems Engineering*, 65(4), 463–474. <https://doi.org/10.1007/s12599-023-00822-x>
4. van der Merwe, J., & Al Achkar, Z. (2022). Data responsibility, corporate social responsibility, and corporate digital responsibility. *Data & Policy*, 4, e12. <https://doi.org/10.1017/dap.2022.2>
5. Londoño-Cardozo, J., & Pérez de Paz, M. (2021). Corporate digital responsibility: Foundations and considerations for its development. *Revista de Administração Mackenzie (RAM)*, 22(6), eRAMD210088. <https://doi.org/10.1590/1678-6971/eRAMD210088>
6. Mueller, B. (2022). Corporate digital responsibility. *Business & Information Systems Engineering*, 64(5), 689–700. <https://doi.org/10.1007/s12599-022-00746-y>
7. Bizhanov, A. K., & Eshpanova, D. D. (2025). Social justice in Kazakhstani society in the context of social transformations. *Adam Alemi*, 2(103), 114–122. <https://doi.org/10.48010/aa.v103i2.797>
8. Shakirov, S. E., & Dronzina, T. A. (2023). Social justice in the context of conflictological theory. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Historical Sciences. Philosophy. Religious Studies*, 144(3), 302–314. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-144-3-302-314>
9. Foucault, M. (1977). *Discipline and punish: The birth of the prison*. New York: Pantheon Books.
10. Lyon, D. (2018). *The culture of surveillance: Watching as a way of life*. Cambridge, UK: Polity Press.
11. Aliaskarov, D. T., Iskakova, R. T., Muzdybayeva, K. K., Raiymbekova, I. K., & Mishchuk, S. N. (2023). Spatial analysis of migration issues under conditions of economic security and social stability. *3(403)*, 298–314. <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.510>
12. Shukeyeva, A. M., Sangilbayev, O. S., Zhubanazarova, N. S., Turdaliyeva, Sh. T., & Kozhamkulova, N. S. (2023). “Resilience” and socio-psychological stability. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2023.76.3.006>
13. Ibrayeva, A. E., Sarsenova, S. N., & Kondykerova, K. Zh. (2025). Information society: Evolution, structural features, and development directions. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Series: Political Science. Regional Studies. Oriental Studies. Turkology*, 151(2), 94–114. <https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-151-2-94-114>
14. Zhunusov, B. A., & Zhubanazarov, S. A. (2020). Digitalization of the economy and new models of urban management. *Bulletin of K. Zhubanov Aktobe Regional University*, 4(62), 136–147.
15. Bastikov, D. H., Yeraliyeva, Y. A., & Aitqazina, M. A. (2023). The state’s social policy and its impact on the unemployment rate in Kazakhstan. *Bulletin of Turan University*, 3(99), 48–62. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-3-48-62>

16. Moldabekova, G. B., Tasmaganbetov, A. B., & Mukhammadov, A. U. (2022). *Effectiveness and efficiency of social policy in Kazakhstan*. *Bulletin of the Kazakh University of Economics, Finance and International Trade*, 3(48), 266–270. [https://doi.org/10.52260/2304-7216.2022.3\(48\).34](https://doi.org/10.52260/2304-7216.2022.3(48).34)
17. Rakhimbayeva, U. T. (2017). *Improving the activities of public administration bodies implementing state social policy*. *Bulletin of the Kazakhstan-American Free University. Journal of Science, Issue 3: Problems of Education and the Economy of Society*, 27–32. Oskemen.
18. Khamidov, A. (2020). *Prospects of the Fourth Industrial Revolution and identity problems*. *Al-Farabi*, 3(71), 19–31. <https://www.calameo.com/read/0053445742de620c219d0>
19. Koldybayev, S. (2020). *Philosophical aspects of the study of the concept of "national code."* *Al-Farabi*, 3(71), 32–43. <https://www.calameo.com/read/0053445742de620c219d0>
20. Zhailavina, G. A., & Abdimomynova, A. Sh. (2017). *State regulation of socio-demographic processes*. *Young Scientist*, 3(137), 328–331. <https://moluch.ru/archive/137/38533>

Psychological sciences

EMOTIONAL REGULATION STRATEGIES AND PROBLEMATIC INTERNET USE: A CONTEMPORARY PERSPECTIVE

Tulebayeva Malika

Second-year master's student,

Department of Psychology,

Faculty of Philosophy and Psychology

Kazakhstan, Karaganda

Buketov University

Supervisor: **Slanbekova Gulnara**

PhD, Professor of Department of Psychology,

Academician E.A. Buketov Karaganda National Research University,

Kazakhstan, Karaganda

Abstract

The relationship between emotional regulation and internet use patterns has emerged as a critical area of psychological research in the digital age. While personality traits have been extensively studied as predictors of internet addiction, the role of emotional regulation strategies in the development and maintenance of problematic internet use remains underexplored. This article examines contemporary theoretical perspectives on how individuals' capacity to regulate emotions influences their engagement with digital technologies. Drawing on recent empirical evidence and theoretical frameworks from affective neuroscience and clinical psychology, we explore the mechanisms through which adaptive and maladaptive emotional regulation strategies may contribute to or protect against problematic internet use patterns.

The study synthesizes findings from multiple research domains, including cognitive-behavioral approaches to internet addiction, emotion regulation theory, and self-determination theory. Evidence suggests that individuals who rely heavily on avoidance-based emotional regulation strategies, such as suppression or distraction, may be more vulnerable to developing problematic internet use patterns. Conversely, those who employ adaptive strategies, including cognitive reappraisal and mindfulness-based approaches, demonstrate greater resilience against excessive internet engagement. The compensatory internet use theory provides a framework for understanding how individuals may turn to online activities as a means of regulating negative emotional states when other coping mechanisms are insufficient.

This theoretical analysis also considers the bidirectional nature of the relationship between emotional regulation and internet use. Problematic internet engagement may further compromise emotional regulation capacities through mechanisms such as reduced real-world social interaction, disrupted sleep patterns, and decreased engagement in offline activities that typically support emotional wellbeing. The article discusses implications for prevention and intervention strategies, emphasizing the importance of emotional regulation skills training in addressing problematic internet use. Future research directions are proposed, including the need for longitudinal studies examining developmental trajectories of emotional regulation and internet use patterns, as well as intervention studies testing the efficacy of emotion-focused therapeutic approaches in treating internet addiction.

Keywords: *emotional regulation, problematic internet use, internet addiction, coping strategies, compensatory use, cognitive reappraisal, avoidance behaviors, digital wellbeing*

Introduction

